б 66.4
А38

ҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

А. А. Ақышев, И. А. Калиев, С. Қ. Молдабаева

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ ДАМУ

5М050200- «Саясаттану» мамандығының магистранттарына арналған оқу құралы

Кереку баспасы
Павлодар

Б66.4
А38

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

А. А. Ақышев, И. А. Калиев, С. Қ. Молдабаева

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ ДАМУ

6М050200 – «Саясаттану» мамандығының магистранттарына арналған оқу құралы

Павлодар
Кереку
2013

ӘОЖ 327 (075.8)
КБЖ 66.4я73
А39

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Тарих және құқық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды

Пікірсарапшылар:

Р. А. Нұртазина – саяси ғылымдарының докторы, профессор, Еуразиялық ұлттық университеті;

С. Ш. Мұсатаев – саяси ғылымдарының докторы, профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

М. А. Алтыбасарова – саяси ғылымдарының кандидаты.

Ақышев А. А., Калиев И. А., Молдабаева С. Қ.

А39 Қазіргі халықаралық қатынастар және жаһандық даму : 6М050200 – «Саясаттану» мамандығының магистранттарына арналған оқу құралы / А. А. Ақышев, И. А. Калиев, С. Қ. Молдабаева. – Павлодар : Кереку, 2013. – 78 б.

Оқу құралында қазіргі халықаралық қатынастардың теориялық материалдары, қазіргі әлемдік дамуға жаһандану үрдісінің ерекшеліктері мен әсері, сонымен қатар қазіргі саяси қоғамның саяси саласында пайда болған түрлі жағдайларды шешуге бағытталған тәжірибелік аспектілер карастырылады.

«Қазіргі халықаралық қатынастар және жаһандық даму» оқу құралы «Саясаттану» мамандығының студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ гуманитарлық мамандықтардың студенттеріне арналған.

683086

С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің академик С.Бейсенов атындағы ғылыми кітапханасы

ӘОЖ 327 (075.8)
КБЖ 66.4я73

© Акышев А. А. және т.б. 2013
© С. Торайгыров ат. ПМУ, 2013

Материалдын дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық кателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында болған оқиғаларды жалпы тарихта болған оқиғалармен салыстыру қиын. Постиндустриалды революция, жаһандану, кеңес үкіметінің құлдырауы және т.б. әлемді өзгертті. Көп жылдар бойы анықталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени даму, мемлекеттер мен халықтардың арақатынасы, тұлғаның құқығы мен бостандығы сияқты үрдістерді түпкілікті қарастыруды талап етті.

Халықаралық қатынастарды қалыптасқан жүйесінің құлдырауы, сондай-ақ оның негізінде құрылған үрдістерді анықтау ғалымдарға қиындық тугызды. Соның ішінде жарты ғасыр қалыптасқан халықаралық қатынастардың теориялық ойлары мен халықаралық-саяси тәжірибе күдік тугызды. Ғылымның базалық түсініктерін қайта карастыру қажет етілді. Ең алдымен, ол «халықаралық қатынас» деген түсінікке қатысты болды.

Екінші жағынан қарағанда, аталмыш жағдай мемлекет рөлінің өзгеруі мен халықаралық қатынастардағы дәстүрлі емес қатысушылардың өзгеруін қабылдау қажеттілігін талап етті.

Халықаралық қатынастар әрдайым динамикалық дамуда болады. Бір және бірнеше мемлекеттерден қолдау табатын көптеген бағыттар бар; үнемі түрлі ұйымдар пайда болып жатады (мысалы, БҰҰ, САҚҰ және т.б.) – үнемі әскери, экономикалық және саяси блоктар құлдырап, соның негізінде жаңа блоктар мен ұйымдар пайда болып отырады.

Халықаралық саясатта жаһандану және антижаһандану, либерализация және демократизация сияқты бағыттар бар.

Халықаралық-саяси ғылымда күтілмеген жаһандық өзгерістер екі қажетті қорытындыға әкелді. Бірінші – халықаралық қатынастар ғылымының пайда болғанына көп уақыт болғанымен, ондағы көптеген құбылыстар жетік зерттелмей, біраз күдік тудырады.

Өзге сөзбен айтқанда, халықаралық қатынастардың басқа қоғамдық байланыстардан ерекшелейтін өзіне тән сипаттары бар екеніне күмән туа бастады. Бұл құбылыс бұрынсоңды моцындалмаған позицияларды нығайта түседі.

Осы позицияларды ұстанатын ғалымдардың көбісі халықаралық қатынастарға әртүрлі әлеуметтік субъектілер қатысады деп есептейді. Сондықтан да, жалпы теориялық тұжырымдар кейде сәйкес келмейді.

Бірақ, екінші тұжырым әртүрлі теориялармен тығыз байланысты, мұнда бүгінгі күні халықаралық аренада қалыптасқан

жағдайларды бағалау негізіне сүйенеді. Онда түрлі теориялық дәстүрлерді, парадигмаларды сынау жаһанды күйзеліске әкеп соқтырмайды.

Керісінше, бұл ғалымдардың көзқарастарын қайта қарастыруға, сондай-ақ сеп тігін тигізеді. Бұл халықаралық қатынастар табиғаты мен заңдылықтарын зерттеуде туындайтын қарама-қайшы теориялардан бас тарту мүмкіндігі жоқ екенін айқындай түседі.

Ең алдымен қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі өтпелі кезеңнен өтуде, онда дәстүрлі, көп ғасырлар бойы қалыптасқан күштер мен заңдылықтар, факторлар мен тенденциялар өзара байланыска түседі. Вестфаль әлемі кезеңінен бастап қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесі күштік қарым-қатынаска негізделудің нәтижесінде жаһандық масштабтағы жаңа тенденциялар пайда болды.

Халықаралық ұйымдар, жаһанды байланыстар жүйесі, әлемдік экономикалық өзаратәуелділік, әскери фактор рөлінің өзгеруі, кей елдерде біркелкі бұқаралық мәдениеттің таралуы, ішкі саяси және халықаралық мәселелердің тоғысуы, әлемдік демократизацияның толқындары және т.б. – осылардың бәрі қазіргі халықаралық қатынастардың негізін анықтайды.

1 Халықаралық қатынастар саяси ғылымыды зерттеудегі объект ретінде

1.1 Халықаралық қатынастардың түсінігі мен мазмұны

«Халықаралық қатынастар» терминін агылшын ойшысы Бентам Джереми (1748–1832 жж.) ойлап тапқан, ол мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастардың барлық түрлерін зерттеген. «Халықаралық қатынастар» теориясын анықтау үшін, халықаралық аренада барлық мүмкін байланыстары жүзеге асатынын ойша елестеуге болады.

Халықаралық қатынас кең мағынада саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, әскери, дипломатиялық, мәдени, ғылыми және басқа байланыстар мен халықаралық негізгі субъектілердің арасындағы қатынастар, яғни, мемлекет, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық қозғалыстармен, сонымен бірге жеке саяси мәнді тұлғалармен тығыз байланысты. Көрсетілген байланыстар және халықаралық қатынастар қызметтің мазмұнын анықтайды, қазіргі әлемнің бет-бейнесін қалыптастырады.

Халықаралық қатынастардың ең маңызды қатысушысы, жетекші және динамикалық рөл ойнайтын, мемлекет болып табылады. Мемлекеттің өзі, айқынырақ айтса, мемлекетаралық қатынастар, бірінші ретте сипатын, климатын және халықаралық қатынастарды даму бағытын анықтайды. Сондықтан да, көбінесе халықаралық қатынастарды тар мағынада мемлекетаралық қатынастар сиякты түсінеді. Мемлекетаралық қатынастардың мақсаты – қызмет етудің ең тиімді шарттарын құрып, мемлекеттерді дамыту.

Халықаралық қатынастар өз мазмұны бойынша төмендегіні бейнелеп көрсетеді:

1) универсализацияның қағидатына сәйкес халықаралық қатынастарды жаһандату үрдісі;

2) халықаралық қатынастар субъектілерінің санының өсуі;

3) әлемнің күрделенуі, өркениет жанжалдарының көбеюі және жаңа ұрпақ қайшылықтарының өсуі;

4) құрал-жабдықтарды түрлендіру, тарихи үрдісте мемлекеттің рөлін өзгертетін ұлттық мемлекеттердің халықаралық қызметінің әдістері;

5) қазіргі мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясат арасында өзара байланыстардың ауқымдарының көбеюі және т.б.

Белгілі француз зерттеушісі М. Мерль, кандайда бір қатынастар халықаралық қатынастарға жатар-жатпасын көрсететін белгіні ұсынды және оны «оқшау бөлігінің белгісі» деп атаған.

Бұл белгілерге сәйкес халықаралық қатынастардың ерекшеліктері «шекараны кесіп өтетін немесе шекарамен қиылысатын келісімдер жиынтығы» деп анықталады. Әлемді мемлекетке бөлу факторынан шыға отырып, өз аймақтық шекарасының егемендігін сақтайды, мұндай түсінушілік тек мемлекетаралық өзара іс-әрекеттерге апармауға мүмкіндік береді.

1.2 Халықаралық қатынастардың қағидалары

Халықаралық қатынастар түрлі нормалармен реттеледі. Халықаралық қатынастардың басты саяси реттегіші мемлекеттердің арасындағы күш теңгерімінің қалыптасуы болып табылады. Халықаралық құқықтың нормалары да бұл іске үлесін қосады. Халықаралық қатынастарда халықаралық қатынастардың қағидаларына да орын бар. БҰҰ жарлығында, Хельсинктегі 1975 жылы декларациясында мәжілістің, сонымен бірге қауіпсіздікке арналған Еуропадағы болған іс (ЕҚЫК кейін ЕҚЫҰ-ға өзгертілді) төмендегіше сипаттаған:

- **егемендігі тең мемлекеттердің қағидалары**. Бұл қағидат өзіне келесі элементтерді қосады:

1) мемлекеттер заң жүзінде тең;

2) әр мемлекет толық егемендікке тән құқықты пайдаланады;

3) әр мемлекет басқа мемлекеттердің заңдарын міндетті түрде сыйлауы керек;

4) аймақтық бүтіндік пен мемлекеттің саяси тәуелсіздігі қолсұғушылықтан сақталған;

5) әр мемлекет саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жүйелерін еркін таңдауға және жетілдіруіне құқығы бар;

6) әр мемлекет халықаралық міндеттемелерін толық және адал ниетпен орындап, басқа мемлекеттермен тату өмір сүруі қажет;

- **күш қолданбау қағидаты.** БҰҰ-ның Жарғысына сай «БҰҰ-ның барлық мүшелері кез келген мемлекетке қарсы күш қолдану және территориясына қолсұғу әдісінен аулақ болу»;

- **мемлекеттік шекараның беріктік қағидаты.** 1975 жылы ЕҚЫК-да қабылданды, қорытынды актіде былай делінген: «Мемлекет-қатысушылар Еуропа елдері сияқты өздерінің шекараларын ылғи да қолсұғушылықтан қорғайды. Сондықтан да олар шекараларын қорғауға бар күштерін салмақ». Бұл қағида үш элементке негізделеді: а) қалыптасқан шекараны мойындау;

б) территориялық ығыстырудан бас тарту; в) күш қолдану және т.б. шекараға қолсұғушылықтан бас тарту;

- **мемлекеттің аймақтық тұтастық қағидаты.** БҰҰ Жарғысында мемлекет «өзге мелекеттің ұлттық бірлігі мен аймақтық

тұтастығына қолсұқпауы қажет» және «мемлекет аймағы өзге мемлекеттің күштеп басып алу объектісі болмауы керек». Осыған байланысты «күш қолдану арқылы қол жеткізілген нәтижелер заңсыз деп есептелуі керек»;

- халықаралық жанжалдарды бейбіт шешу қағидаты. БҰҰ-ның жарғысына сәйкес, «БҰҰ мүшелерінің барлығы өздерінің халықаралық дауларын бейбіт жолмен шешуі қажет»;

- ішкі істерге араласпау қағидаты. БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес ол «кез-келген мемлекеттің ішкі істеріне араласуына болмайды». Бұл тыйым БҰҰ-ға ғана емес, сондай-ақ халықаралық аренадағы қатысушыларға да қатысты;

- жалпыға бірдей адамды құрметтеу құқығы қағидаты. БҰҰ Жарғысында аталмыш ереже жалпы формада, яғни адамдар құқығын құрметтеу принципіне негізделген. Бірақ, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын қорғау әр мемлекеттің міндеті болып қала бермек;

- халықтар мен ұлттардың өзін-өзі анықтау қағидаты. Ол әр халықтың құқықтарын құрметтеу және өзінің даму жолдары мен формаларын таңдаумен анықталады. Колониялық империялардың құлдырауынан кейін ұлттардың өзіндік дамуы шешіле бастады;

- ынтымақтастық қағидаты. БҰҰ-ның Жарғысы бойынша, мемлекет «халықаралық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, гуманитарлық сипаттағы мәселелерді шешумен айналысады». Сондай-ақ «халықаралық бейбітшілік пен қаупсіздікті сақтауы тиіс»;

- халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидаты. БҰҰ Жарлығы бойынша «БҰҰ мүшелері өзіне тиесілі міндеттемелерді адал ниетпен орындайды;

Бақылау сұрақтары

1. «Халықаралық қатынастар» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Мемлекетаралық қатынастардың мақсаты қандай?
3. Қандай белгілерге сәйкес халықаралық қатынастардың ерекшеліктері анықталады?
4. Халықаралық қатынастардың ерекше сипаты болып не табылады?
5. Халықаралық қатынастардың қандай қағидалары басты реттегіші болып табылады?

2 Халықаралық қатынастар жүйесі

2.1 Халықаралық қатынастарды талдаудағы жүйелік көзқарас

Қазіргі қоғам көп деңгейлі, көп қызметті қатынастар жүйесін құрайды. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысы – халықаралық қатнастар. Әлемдік саясатты, халықаралық қатынас жүйенің бір бөлігі ретінде анықтауға болады. Жалпы әлемдік саясатты халықаралық қатынастар жүйесінің бір бөлігі ретінде карастыруға болады.

Сонымен қатар әлемдік саясатының қазіргі доминанттары мемлекеттер арасында әскери, экологиялық, құқықтық, технологиялық, акпараттық және т.б. салаларда саяси қауіпсіздікті сақтау болып есептеледі.

Жалпы халакаралық жүйелер – элементтердің өзгеруіне негізделген әлеуметтік жүйенің ерекше типі.

XXI ғасырдың бірінші жүзжылдығы халықаралық қатынастар жүйесінде елеулі өзгерістер болған кезең болып есептеледі. 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған террорлық актілер халықаралық қатынас жүйесін түбегейлі өзгертті. Халықаралық терроризммен күресу сылтауымен АҚШ Ауганыстанға өз әскерлерін енгізді, ал жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен бұқаралық қаруды жою максатында Ирактағы С. Хусейннің саяси тәртібі жойылды. Сөйтіп, әлемдік саясатта күштер балансын ығыстыру айқын көрінеді. Сырткы саяси күштер егеменді мемлекеттердің ішкі саясатына араласуда. 2011 жылғы «Араб көктемі» осыған дәлел.

Әлемдік саясаттағы кейбір мемлекеттердің халықаралық құқыкка кайшы іс-әрекеттері болса да, олар адам баласы бейбіт өмір сүруді қалайды. Аймақтық және жергілікті саяси жанжалдарды бейбіт жолмен шешу аймақтық ынтымақтастыкка әкелді. Олар жаһандық дағдарыстарды ықтималды азайтуға мүмкіншілік береді.

Халықаралық қатынастар мүдделер күресі ретінде ғана сипатталмайды, сонымен қатар акторлардың өзара байланысымен де сипатталады. Дүниежүзілік қауымдастықтың субъектілерінің санының көбеюіне байланысты қазіргі саяси ғылымда, «сырткы саясат» ұғымының орнына «халықаралық саясат» түсінігі қолданыла бастады. Халықаралық саясат халықаралық қатынастардың ядросын құрайды, өзін (мемлекеттер, мемлекетаралық және үкіметтік емес ұйымдар, одактар, жеке тұлғалар және т.б) соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешуге қатысты, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, мешеулікті жеңу және қайыршылық, аштық пен аурулар және т.б сипаттайды.

Демек, Р. Т. Мұхаевтің пікірінше халықаралық саясат, аман қалу мәселесін шешу мен барлық адамзат бірлестігінің үдерісіне, жаһандық және аймақтық жанжалдарды шешу максатына бағытталған.

Халықаралық саясат мемлекеттер арасындағы халықаралық тұрақтылықтың фактоpы болып есептеледі. Халықаралық-саяси ғылымда халықаралық саясаттың үш негізгі парадигмалары айқын көрсетілген: реалистік (оған реализмның классикалық теориясы, құрылымдық функционализм және неореализм кіреді), либералды (оған жаһандық, неоидеалистік және ұлтаралық ағымдар кіреді) және неомарксизм. Бұл ғылыми-зерттеу мектептерінде халықаралық қатынастардың заңдылықтары қарастырылады. Біздің ойымызша, халықаралық қатынастар заңдылықтарын қазіргі теориялық бағыттар тарапынан қарастырған жөн. Әлемдік саясатының қазіргі доминанттары мемлекеттер арасында әскери, экологиялық, құқықтық, технологиялық, ақпараттық және т.б. салаларда саяси қауіпсіздікті сақтау болып есептеледі.

«Халықаралық қатынастар» түсінігін қарастыруға кірісейік. Қазіргі ғылымда «халықаралық қатынастар» «халықаралық аренадағы халықтар арасындағы экономикалық, саяси, мәдени, құқықтық, әскери және т.б. байланыстарға негізделген қатынастар жиынтығы».

Халықаралық қатынастарға әсер ететін объективті және субъективті факторлар бар: әлемдік саяси және экономикалық жағдай, жеке мемлекеттердің әсері, табиғи ортаның әсері, шикізат жағдайы және табиғи қорлар. Халықаралық қатынастардың субъектілеріне халықтар, мемлекеттер, бүкіләлемдік және аймақтық, мемлекеттік бірлестіктер, саяси үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар.

Ресейлік ғалымдар А. И. Демидов мен А. В. Малько халықаралық қатынастардың келесі негізгі үрдістерін ерекшелейді:

- қоғамдық өмірдің барлық салаларын ұлтаралықтандыру. Ол экономика, білім, мәдениет, ғылым, денсаулық сақтау, адам құқықтарын сақтау, азаматтар құқықтарын сақтау мен қамтамасыз етумен айқындалады;

- адамдар арасында қарым-қатынас пен ынтымақтастықтан туындайтын жаһандық проблемалардың қалыптасуы. Оған бейбітшілікті сақтау, әскери қауіп-қатерді барынша азайту, коршаған ортаны сақтап қалу, эпидемиялық аурулармен және қылмыспен күресу жатады;

- карусыздандыру және демократияландыру – бұл салада пайда болған мәселелерді шешу үшін әскери күштерден бас тарту (олар тиімсіз әрі қауіпті болып есептеледі), сонымен катар бұл қатынастарға қатысатын субъектілердің құқықтарын құрметтеу.

Біз бұл үрдістерді төмендегі факторлармен толықтыра аламыз: әлемде терроризм мен экстремизмнің өсуі, халықаралық жанжалдардың көбеюі және т.б. Сөйтіп, жоғарыда халықаралық катынастарға берілген түсініктемелер үнемі толықтырылып отырған. Сырткы саясаттын ең тиімді түсінігі төмендегідей: сырткы саясат сырткысаяси саладағы өзге субъектілермен халықаралық аренада мемлекет кызметінен көрінетін саяси категория (сонын ішінде түрлі саяси институттар).

Тағы бір рет кайталап кетсек, халықаралық катынастардың жүйе ретінде және сырткы саясаттын құбылыс ретінде талдаудың түрлі козкарастары бар. Дәстүрлі-тарихи көзкарас негізінде «халықаралық жүйе» түсінігін мемлекеттер арасында дипломатиялық катынасты сипаттау жатыр: мысалы, 1648 жылгы Вестфаль келісіміне негізделген XVII ғасырдын еуропалық жүйесі; XIX ғасырдағы еуропалық мемлекеттердің саяси жүйесінің тепе-теңдігі («ұлттардың еуропалық концерті»); 1945–1990 жылдардағы жаһандық екіполярлық мемлекетаралық жүйе және т.б.

«Понарамалық» көзкарастын ең басты кемшілігі, халықаралық жүйелердің кызмет ету заңдылыгы іздестірілмейтінінде. Мысалы, тарихи-әлеуметтік көзкарастың негізін салушы Р. Арон халықаралық катынастарды зерттеуде тарихи кайнаркөздерге зер салады.

Р. Арон грек полистерін, XVII ғасырдағы еуропа монархияларын, XIX ғасырдағы еуропа мемлекеттерін, Шығыс пен Батыстың жүйелерін салыстыра отырып, олардың ұксастыктарын іздестірген.

Р. Аронга карағанда американдық зерттеуші М. Каплан теориялық зерттеулерде тарихи мәліметтерді теріске шығарады. Жүйелердің ортак теориясы мен жүйелік анализге сүйене отырып, ол халықаралық шындыкты түсіну үшін абстрактылы теориялық моделдерді карастырады.

Баска американдық ғалым – Р. Роузкранс тарихи – әлеуметтік және эвристикалық тәсілдерін (аралас тәсіл) зерттеуге әрекет жасады. Накты тарихи жагдайлар зерттеуіне негізделе отырып, ол тоғыз халықаралық жүйелерін тиісті тарихи кезеңдерге бөлді: 1740–1789 жж., 1789–1814 жж., 1814–1822 жж., 1822–1848 жж., 1848–1871 жж., 1871–1888 жж., 1888–1918 жж., 1918–1945 жж. және 1945–1960 жж. Ал, кейін кажетті факторларды анықтау максатында олардың әркайсысына ж.үйелік талдау жасайды.

Халықаралық катынастарды жүйелік талдауда эмпирикалық әдіс те бар. Ол белгілі бір географиялық аймактар шеңберінде өтетін халықаралық катынастарға негізделеді. Сондай-ак, ол дәстүрлі-тарихи

көзқарастан аймақтарда халықаралық-саяси жағдайды түсіндірумен ерекшеленеді. Жүйелік көзқарастағы ең басты принцип – халықаралық жүйелер мен халықаралық акторлардың арасында ғылыми байланыстың болуында. Халықаралық қатынастарда жүйелік заңдылықтардың болуы халықаралық жүйелерді белгілі бір мемлекеттердің саяси, экономикалық және идеологиялық шешім қабылдауларының нәтижесі деп білуге болады. Сөйтіп, халықаралық қатынастар мемлекетаралық, ұлтаралық байланыстар саласы деп есептеуге болады. Мемлекеттер, халықтар байланысы нәтижесінде дипломатиялық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ақпараттық және т.б. қатынастар туындайды.

Біздің ойымызша халықаралық қатынастардың даму үрдістерін төмендегідей бөлуге болады:

- қоғамдық өмірдің саяси салаларын түгелдей ұлтаралықтандыру. Ғылыми-техникалық үдеріс адамдардың арасында экономика, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, ғылым және т.б. салаларындағы байланыстарды күшейте түсті.

- халықтардың қатынасы мен ынтымақтастығы арқасында шешілетін жаһандық мәселелердің күшеюі. Оған халықаралық қауіпсіздік жүйесімен қамтамасыз ету, экология, АҚТҚ, қылмыс, терроризм, экстремизммен күрес және т.б.

- қарусыздандыру және демократияландыру – бұл салада пайда болған мәселелерді шешу үшін әскери күштерден бас тарту (олар тиімсіз әрі қауіпті болып есептеледі), сонымен қатар бұл қатынастарға қатысатын субъектілердің құқықтарын құрметтеу.

2.2 Халықаралық жүйелердің трансформациясы

Халықаралық жүйелер трансформациясының басты заңдылығы халықаралық жүйенің кереғарлық пен тұрақтылық арасындағы заң болып табылады. Мысалы, М. Каплан икемді биополярлық жүйені тұраксыз деп сипаттайды. М. Каплан басты биоплярлық жүйенің шарты бұл күштің тепе-теңдігі деген шешімге келген. Егер үшінші блок пайда болар болса, әлемдегі қатынастар жүйесі күйзеліске түседі.

Д. Сингер мен К. Дойч халықаралық жүйенің кереғарлығы мен тұрақтылық арасындағы мәселені шешуде мынадай нәтижелерге келеді, біріншіден, биоплярлық сияқты мультиполярлық жүйеде өзін-өзі жою үрдісі бар, ал екіншіден, биоплярлық жүйелердің тұраксыздығы мультиполярлықпен салыстырғанда көбірек.

Басқа американдық ғалым, М. Хаас, бұл нәтижені эмпирикалық тексерісте атап көрсеткен. Бұл мақсатпен ол жиырма бір халықаралық

жүйені зерттеген, ал іс жүзінде кері қорытындыға келді. Оның пікірінше, мұндай құбылыс керіпропорционалды өзгешілікте болады.

К. Уолцтің пікірінше, биополярлық және мультиполярлық жүйелердің арасында ешқандай айырмашылық жоқ, тек біріншісі екіншісінен тұрақтылау. Р. Роузкранс «релевант утопиясын» ұсынды. Ол биполярлы және мультиполярлы жүйелерді біріктіреді. Яғни, екі жүйенің де кемшіліктерін жояр еді. және, олардың кемшіліктерін лишенасы екі болар еді бір мезгілде. Нәтижесінде «бимультиполярлы жүйе» қалыптасады. ол екі полюстардың арасындағы жанжалдарды реттегіш болып есептеледі. Халықаралық жүйелердің қызметтері мен өзгерістерін қорытындылай келе, олардың әлемдік аренада мемлекеттердің халықаралық жүйелерден тәуелділігін көрсетеді.

Халықаралық қатынастарда жүйелік заңдылықтардың болуы халықаралық жүйелерді белгілі бір мемлекеттердің саяси, экономикалық және идеологиялық шешім қабылдауларының нәтижесі деп білуге болады. Әрбір халықаралық жүйе кеңістік-уақытша контексте мемлекеттердің арасындағы қатынастарды білдіреді. Сонымен бірге ғылымда халықаралық жүйелердің болуы халықаралық қатынастарды өзгертеді деген пікір қате деп есептеуге болады. Тіпті, олар, халықаралық жанжалдарды зерттеуді соңғы қатарға қояды. Халықаралық қатынастарды мемлекетаралық қатынастармен байланыстыра отырып, мемлекеттер арасындағы түрлі саладағы қарым-қатынастарын шектейді.

Бақылау сұрақтары

1. «Халықаралық жүйелер» ұғымына анықтама беріңіз.
2. Мемлекеттің сырткы саясатын жүзеге асырудың қазіргі және дәстүрлі амалдарын атаңыз.
3. Халықаралық саясаттың үш негізгі парадигмаларын атаңыз. Олардың мазмұны қандай?
4. Ресейлік галымдар А. И. Демидов және А. В. Малько халықаралық қатынастардың қандай негізгі үрдістерін ерекшелейді? Олардың мазмұны неде?
5. Халықаралық қатынастардың жүйе ретіндегі негізгі тәсілдерін атаңыз.

3 Қазіргі халықаралық қатынастар мен оларды зерттеудің әдістері

3.1 Халықаралық қатынастарың қалыптасуы және оларды зерттеу әдістері

Қазіргі ғылым халықаралық қатынастардың қалыптасуының бірнеше кезеңдерін атап көрсетеді:

- **бірінші сапалы шек,** бұл, халықаралық қатынастардың түрлі байланыстар, қатынастар арқылы ішкі және сыртқы қатынастарға бөлінуі. Бұл кезенде халықаралық қатынастардың халықаралық өмірі пайда болады.

- халықаралық қатынастардың қалыптасуының **екінші сапалы шегі мемлекет институтының пайда болуы.** Бұл кезеңде қатынастардың конгломерат жагдайына ішкі және сыртқы, формальды және формальды емес деген принциптерге бөлінеді. Мұнда екіншісінен біріншісі басым болады. Сонымен қатар, осы уақытта ішкі және сыртқы саясат пайда болады, яғни халықаралық қатынастар деген сөз.

- халықаралық қатынастарың дамуның **үшінші сапалы шегі** буржуазиялық-демократиялық революцияның пайда болуы. Мұның басты ерекшелігі – өмірдің барлық салаларында үстемдік етуінде. Бұл кезеңде халықаралық қатынастар ғылыми зерттеу объектісіне айналады және халықаралық қатынастар ғылымының пайда болуына септігін тигізеді. Халықаралық қатынастарды нақты қоғамдық түрде мойындау үшін төмендегі шарттарды орындау қажет:

1) кем дегенде екі тұрақты ұйымдастырылған социумдардың болуы;

2) әр социумның ішінде биліктің институциоландырылган орталығының болуы (рухани немесе зайырлы; мұрагерлік немесе сайлану; абсолюттік немесе билік үшін күрес жүргізу);

3) социумдардың арасындағы әр түрлі іс-әрекеттер тұрақты қатынасқа айналып (айырбастар, өзара көмек), позитивті немесе негативті (жанжалдар, соғыс, жеңіп алу) болуы мүмкін;

4) мұндай қатынастарды қолдау мен эволюциясы өзге (аймақтық, идеологиялық және т.б.) салалардағы қатынастардың табиғи дамуының ерекшеліктері мен билік немесе іс-әрекетке деген қабілеттілігі;

5) бұл іс-әрекеттерді қалыптастыратын байланыстар мен қатынастардың ішкі және материалдық-практикалық жағдайлары.

Халықаралық қатынастарды зерттеу әдістер, құралдар мен оларды қарастырудың жиынтығы болып табылады. Негізгісін карап шығайық.

Эмпирикалық материалдарды жинақтау үшін пәнаралық сипаттағы мәліметтер колданылады. Қазіргі кезде ондай әдістердің көптеген түрлері бар – ең карапайымнан (карау) күрделіге дейін (мәліметтер банкін калыптастыру, факторлық талдау және т.б.). Аналитикалық әдістердің кең тараған түрлеріне мыналар жатады: карау, құжаттарды зерттеу, салыстыру.

Болжамдық әдістерде эмпирикалық материалдарды колдану келешекке деген болжам жасауға септігін тигізбек. Халықаралық қатынастарда карапайым әрі күрделі болжамдық әдістер бар. Бірінші топка аналогия бойынша корытынды, карапайым экстраполяция әдісі, дельфиялық әдіс, сценарилерді құру және т.б. Ал екінші топка детерминант пен ауыспалылық талдауы, жүйелік көзкарас, модельдеу, хронологиялық сериялярды талдау, спектралды талдау, компьютерлік сылтау және т.б.

Шешімдерді қабылдау үрдісін талдау әдістері халықаралық саясатты жүйелі түрде талдаудың динамикалық өлшемі болып табылады. Түрлі әдістер зерттеудің әр түрлі кезеңдерінен құралады.

3.2 XX және XXI ғасырларда халықаралық қатынастардың өзгеруі

XX ғасырдың 90 жылдарында халықаралық қатынастарда өзгерістер болды, яғни шығысеуропа елдерінде коммунистік жүйенің, ІІБ-нің құлауы, Германияның бірігуі, ең бастысы – КСРО-ның құлдырауы. Осының нәтижесінде халықаралық қатынастар энтропияға, тұраксыздыкка, түрлі саладағы кактығыстарға ұшырады.

Потенциалдық кеңес әскерінің жойылуы Батыста күштердің бірігуінің негізін жойып, ынтымақтастық пен бәсекелестіктің күшін нығайтты.

Баска жағынан алғанда, Шығыс Еуропа мен Кеңес Одағында экономикалық, саяси, идеологиялық құрылымдардың құлдырауы ұлтшылдыкка, аймактық ығыстыруларға, діни шыдамсыздық пен зорлыкка алып келді (Югославия, Грузия, Молдова, Таулы Карабах, Тәжікстан). «үшінші әлем» елдерде тұраксыздық күшейді. Ескі мемлекеттердің жоғалуы мен жаңа мемлекеттердің пайда болуы (бұрынғы Кеңес Одағының аумағында) түрлі жанжалдық жағдайларды туғызды.

1990 жылдары БҰҰ Кеңесі алдында тұрған қауіпсіздік проблемалар өзгере түсті. Мемлекетаралық жанжалдардың орнына

егеменді мемлекеттер арасындағы қақтығыстар келді. Анық болғандай, гуманитарлық интервенция мәселелерін шешуді қажет етті.

XX–XXI ғасырлардағы күрт өзгерістер жаңа геосаясат дәуірі мен жаңа халықаралық қатынастар жүйесінің, яғни Поствестфальдік жүйенің пайда болуына әкеп сокты. Мұндай халықаралық қатынастар жүйесін геосаясат құрылымы жағынан қазіргі әлемнің ең дамыған елдері құрайды, өзге сөзбен айтқанда геосаяси қуаты басым түсетін елдер (ұлы державалар). Жүйенің өзегі G-8 болып табылады, немесе «сегіздік тобы»: Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, Ресей, АҚШ, Франция, Жапония (бастапқы кезде АҚШ-пен жетілік болды, кейін Ресей қосылды). Оларды кейде – «елдер өзегі» немесе «өзек» деп атайды. «Үлкен сегіздік» халықаралық ұйым болып табылдмайды, келісім-шартқа негізделмеген, жарғысы мен секретариаты болмайды. «Сегіздік» шешімінің заңи күші болмайды. Әдеттегідей, екі жақ келісілген жол арқылы шешім қабылдайды немесе халықаралық өмірдің басқа қатысушылары өзге мәселелерді шешуге белсенді түрде қатысады.

Поствестфальдік жүйедегі халықаралық қатынастар түрлі халықаралық ұйымдармен қадағаланады: саяси типтегі БҰҰ, ЕЫҚҰ; экономикалық – БСҰ, ХВҚ және т.б., сондай-ақ НАТО әскери одағы.

Терроризмнің қаупі БҰҰ-ны, аймақтық ұйымдарды (ШЫҰ, ЕО, АСЕАН), сонымен қатар көптеген мемлекеттер терроризмге қарсы күрестерін нығайтуға күштерін салды. Бүкіл әлемге таралып жатқан терроризм дүниежүзілік соғысқа айнала бастады. Жаһандық мәселеге айналған терроризм ұлттық немесе ұлттық-мемлекеттік билік құрылымдарын қатаң шараларға қадам басуға мәжбүрлейді. Осының бәрі тұрақты жанжалдар үшін себеп болады.

2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та болған террорлық оқиға, барлық мемлекеттерге қауіп төндіретінін дәлелдей түсті. Терроризм XX және XXI ғасырлардағы басты халықаралық проблемаға айналды. Ол Таяу Шығыста, Ауғаныстанда, Испанияда, Филиппинде, Пәкістанда, Индияда, Шри-Ланкада, Түркияда, Ұлыбританияда, Перуде, Гватемалада, Ресейде, Алжирде және т.б. жерлерде кең тараған. Дәл осы мәселе қазіргі халықаралық қатынастардан ынтымақтастықты талап етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Қазіргі саяси ғылымда халықаралық қатынастардың қалыптасуының қандай кезеңдері бар?

2. Саяси шешімдерді қабылдау үрдісін талдау әдістері нені білдіреді?

3. Халықаралық қатынастарды зерттеу әдістерінің мазмұны қандай?

4. Қоғамдық қатынастарды халықаралық деп мойындаудың негізгі талаптарын атаңыз.

5. XX және XXI ғасырлары халықаралық қатынастарда туындаған негізгі мәселелерді атаңыз.

4 Халықаралық қатынастардың жаңа құрылымының және жаңа халықаралық тәртіптің калыптасуы

4.1 Халықаралық қатынастардағы тұрақтылық тұжырымдамасы

Тұрақтылық статикалық және динамикалық халықаралық қатынастардан тұрады. Тарихта халықаралық аренада бір күштердің басым болуы үлкен рөлге ие болды (статистикалық тұрақтылық). Мұндай жағдай 60 және 70 жылдары әскери-саяси қысым негізінде болды.

Статистикалық тұрақтылықтың ерекше түріне – «конфронтация тұрақтылығы» жатады, яғни уақытша тұрақтылық дегенді білдіреді. Сөйтіп, екіжақтың әлсіздігін ұғыну 1962 жылы қазан айында Кариб дағдарысын сезіген Мәскеу мен Вашингтонды мысал ретінде келтіруге болады. Халықаралық қатынастардың тұрақталған символы Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту актісі болып табылады (1975 жыл). Одан кейін әлемде «конфронтация тұрақтылығы» бекітілді (суық соғыс). Ол 1962 жыл мен 1991 жыл аралығындағы халықаралық қатынастардың құрылымын анықтайды.

«Үшінші әлемдегі» жагдайдың динамикасы статистикалық тұрақтылық теориясын жетік түрде анықтамады. Бірақ, халықаралық қатынастарды реттеу өзекті мәселе болып есептелді. Сондықтан да тұрақтылық «статус-квомен» ғана емес, «тәртіппен» де байланысты болды.

Халықаралық қауымдастықтың қауіпсіздігін камтамасыз ететін күштік орталықтар халықаралық тәртіпті құрайды.

Қазіргі күнде Линн Миллердің тұжырымдамасы кенінен тараған. Ол тұрақтылықтың негізін мемлекет құрайды деп есептеген. Л. Миллер «тәртіпті», «құрал» ретінде емес, «іс-әрекет амалы» деп карастырады.

Л. Миллерден өзге авторлардың көзкарастары мүлдем өзгеше. Олардың пікірі бойынша, мемлекеттің ішкі саясатын әлемдік жүйеде

шектеу болып есептеледі. Мысалы, британдық зерттеуші Р. Купер «тәртіпті» тұрақтылық теориясы арқылы түсінудің бірнеше нұсқасын ұсынған.

Біріншіден, мемлекеттің сыртқысаяси жағдайының басым типі (бұл жерде Р. Купер Л. Миллерге жақын); екіншіден, тәртіп – белгілі бір жүйенің тұрақтылығы мен тұтастығы (тарихи жағынан бұл басым болды); үшіншіден, тәртіпті былай түсінуге болады «ереже – бұл тұрақтылық қалпын сақтайтын жүйе».

Нақты бекітілген санкцияларға негізделген сыртқысаяси іс-әрекеттер принципінің жиынтығы халықаралық қатынастардың тұрақтылығын сақтауға бағытталған. Бұл ережеден мынадай түсінік шығады: қатысушылардың көптігі – халықаралық қатынастар тұрақтылығының дәрежесінің жоғарлығын көрсетеді. Халықаралық қатынастардағы орталықсыздандыру үрдісі, әлемдік аренадағы акторлардың санын арттырды; мұндай жағдайда акторлар немесе акторлар тобы гегемонияға талпынып, онымен халықаралық қатынастарды тұраксыздандырады Керісінше, халықаралық қатынастар субъектілерінің өзара байланысы мемлекеттердің мүдделерін тудырады.

4.2 Жаңа халықаралық тәртіптің қалыптасуындағы АҚШ-тың рөлі

90-ы жылдардың екінші жартысында биполярлылықтың құлдырауынан жаңа халықаралық тәртіп пайда бола бастады. Оның барлығы АҚШ-тың ықпалымен қалыптасты. Ол тарихта үлкен экономикалық және әскери-саяси қуатқа ие ұлы держава болды.

Саяси Еуроодаққа біріккен Қытай, Ресей, Еуропаның өзге елдері АҚШ-қа қатысты өз егемендігі мен автономиясын аймақтық деңгейде сақтап қалуға тырысты. Бірақ жаһандық деңгейде олар халықаралық аренада АҚШ-пен бақталас бола алмады.

Американдық элита қалыптасқан мәселе бойынша мазасыздық көрсетпеді. Әлемнің ең мықты мемлекеті – Қытай және Ресейден бастап, Британиядан Францияға дейін – Құрама штаттарының сауда-экономикалық және қаржылық байланыстарына белсенді түрде қатысты. АҚШ-ты сынай отырып, олар белгілі бір шектемеде мәселелерді ұстауға тырысты.

АҚШ ресурстарды үнемдей отырып, халықаралық тәртіп құрды. Олар өзге мемлекеттермен карама-кайшылықтан бас тартып отырды. Американдық дипломатия халықаралық саясатта «тарту стратегиясын» кеңінен қолданды.

В83036
С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми КІТАПХАНАСЫ

90-ы жылдардың соңында американдық дипломатия «байлалған консенсус» тактиканы меңгерді: мұнда «ықтиярлы және еріксіз серіктестерге» әлемдік мәселелер бойынша қабылдаған шешімдерін байлау. Мұндай тактика Вашингтонға «екі мәрте үнемдеуге» мүмкіндік берді: біріншіден, серіктестерінің қарсылықтарын азайту, екіншіден, қабылданған шешімдерді олардың мойнына арту. Халықаралық тәртіп полярлық болып келеді, бірақ ол формасы бойынша бір мемлекеттің көшбасшылығын іске асыру (Құрама Штаттар), ал топтар – «жетілік» немесе «сегіздік» болып келді. Солтүстікатлантика альянс елдері геосаяси кеңістіктерін өзгерту туралы шешім қабылдаған соң 1996 жылы бұл тәртіп енгізілді.

«Плюралистік бірполярлыкка» АҚШ-тың лидерлік менменшілдігіне тиесілі. Сондықтан да американорталықтандырылған және американорталықтандырылмаған арасындағы өзара байланыс «плюралистиялық бір полярлық» негізінде өзгеріп отырды. Б. Клинтонның екінші әкімшілігінде бұл тәртіп тен дәрежеде болды (1997-2000 жж.). 2001 жылдың қантар айында АҚШ-тың билік басына келген Джордж Буштың республикалық әкімшілігі кезінде американорталықтандырылған тәртіп күшейе бастады.

2001 жылы 11 қыркүйекте болған оқиғадан кейін АҚШ-тың геосаяси ұстанымы өз күшін жоя бастады. Қаржылық мүмкіншіліктер мен идеология құлдырай түсті. Барак Обаманың билікке келуімен байланысты АҚШ-тың өзге елдерге әсерін әлсіртті. Обама катал күшке негізделген республикалықтардың саясатынан алшақ кетті. 2011 жылы АҚШ-тың сырткы саясаты Солтүстік Африка мен Таяу Шығыска бағытталды.

Бірақ анығы бір: американдық бейбітшілікті жүргізу өзгеріп жаткан әлемдік күштерге сәйкестігі азаюда. Әлемдік саясатты АҚШ-тың күші әлсіреп, Қытай, Индия және Ресейдің күштері артуда.

Бақылау сұрақтары

1. «Конфронтациялық тұрақтылық» ұғымына анықтама беріңіз.
2. «Тұрақтылық» ұғымын ұалай түсінесіз?
3. «Тарту стратегиясы» ұғымы нені білдіреді? Оның мәні неде?
4. Бейбітшілікті жүргізу «американдық» типі нені білдіреді?
5. «Байлалған консенсус тактикасын» калай түсінесіз?

5 Халықаралық жанжалдарды реттеу мен оларды зерттеудің теориялық негіздері

5.1 Халықаралық жанжалдардың болмысы мен типологиясы

Батыстық саяси ғылымда 60 жылдардың ортасында К. Райттың халықаралық жанжалдарға берген анықтамасы кеңінен тарады: халықаралық жанжал барлық мемлекеттер арасында түрлі деңгейлерде туындайтын қатынас:

1) сәйкессіздікті ұғыну;

2) өспелі шиеленіс;

3) сәйкессіздікті шешудегі әскери күш қолданусыз кысым көрсету;

4) әскери интервенция немесе шешімді байлау үшін соғыс ашу.

Тар мағынада халықаралық жанжал екі жақтың бірі біріне деген қарсы әрекеті, ал кең мағынада жанжалдың соңғы деңгейі.

Бұл анықтаманы қарастыруда халықаралық жанжалдың белгілі бір даму кезеңдерінен өтетінін ескеру қажет. «Халықаралық жанжал» ұғымы «соғыс» ұғымынан кең.

Бұл халықаралық жанжалдардың қарулы күреске өсу деңгейін «халықаралық дағдарыс» деп атайды. Дағдарыс көлемі жағынан мемлекеттердің бір аймақтарын, түрлі аймақтарды, әлемдік державаларды қамтуы мүмкін (мысалы, 1962 жылғы Кариб дағдарысын). Реттелмейтін дағдарыс соғысқа айналуы ықтимал, ал кей жағдайларда латентті қалыпқа енеді.

Халықаралық жанжалдардың себептеріне мыналар жатады:

- мемлекеттердің бәсекелестігі;
- ұлт мүдделерінің сәйкес келмеуі;
- аймақтық қысымдар;
- жаһандық ауқымдағы әлеуметтік әділетсіздік;
- табиғи қорларды әлемде әркелкі үлестіру;
- екіжақтың бір-бірін негативті түрде қабылдауы және т.б.

Жанжалдарды топтастыру әркилы болып келеді:

- қатысушылардың саны жағынан жанжал екі жақты және көп жақты болып бөлінеді;
- географиялық жағынан – жергілікті, аймақтық және жаһанды;
- өту мерзімі жағынан – қысқамерзімді және ұзақмерзімді;
- пайдаланылатын құрал-жабдықтар жағынан – қарулы және қарусыз;
- себебі жағынан – аймақтық, экономикалық, этникалық, діни және т.б.;

- жанжалдарды реттеу жағынан – бір жақтың ұтысы мен екінші жақтың жеңілісі («нөлдік сомадағы» жанжалдар») және ымырагы келу мүмкіндігі бар жанжалдар («нөлдік емес сомадағы» жанжалдар).

Белгілері, шығу себептері жағынан халықаралық жанжалдардың өзге түрлері де баршылық. Мұндай топшылаулар үнемі толығып отырады.

5.2 Халықаралық жанжалдарды реттеудің жолдары мен әдістері

Жаһандану жағдайында жанжалдар әлемдік қауымдастыққа шынайы қауіп төндіруде. Яғни экологиялық және әскери апаттар, халықтардың бұқаралық көші-қонысы және т.б.

Екіполярлық жүйенің құлдырауына сәйкес аймақтық жанжалдарды реттеуге қатысу халықаралық ұйымдардың басты бағытына айналды. Халықаралық бейбітшілікті қолдау бойынша іс-шаралар деңгейі өсе бастады.

Бейбітшілікті қолдау іс-шаралары жанжалдарды саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық жағынан реттеу өткен ғасырдың соңғы онжылдығында проблемалар тудыра бастады. Бұл жерде жанжал тәжірибелік жағынан тұрақтылыққа ену тәсілі болып есептеледі. Бұл ретте соғыстың тәуекелі азаяр еді.

Жанжалдарды реттеудің ең тиімді тәсілдеріне мыналар жатады:

- келіссөз үрдістері;
- делдалдық үрдістер;
- арбитраж;
- жанжалдаушы елдерге қару-жарақтарды тасымалдауты тоқтату;
- еркін сайлауларды ұйымдастыру.

Жанжалдарды бейбіт жолмен реттеудің қағидаттары мыналар:

1) тәсілдердің бірі – жақтардың мүдделерін өсіру қағидаты болып табылады. Бейбіт жолмен жанжалдарды реттеу 1978 жылы Мысыр мен Израиль арасында мүмкін емес деп көрінді. Бірақ, Израиль өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Синайды бақылауға аса жоғары қызығушылық танытты. Мысыр өз аймағын тартып алумен келісе алмады. Жанжалды шешу үшін Израиль Синайды Мысырға қайтарды;

2) арнайы ұсыныстарды қабылдау үшін екіжақтың тәуелсіз сарапшыларғы мойынұсыну қағидаты. Мұндай сарапшыларға қоғамдық қайраткерлер, ғалымдар, халықаралық ұйымдар жатады. Шешімдердің бірнеше нұсқаларын қарастыру дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізбек;

3) кейбір жанжалдарда жол бермеу қағидаты кеңінен тараған. Бұл жағдайда да жанжалдың өткірлігін төмендетуге болады. Нәтижесінде «сыртқа шығару» қағидатын қолдану кезінде жартылай келісімге келу мүмкін болады. «Сыртқа шығару» қағидатын қолдану кезінде ОАР-дан Намибияны азат ету шарасы іске асырылды. Ішкі құрылымның формасын таңдау халықпен тығыз байланысты (БҰҰ бақылауымен);

4) жанжалдарды шешудің қажетті нұсқаларын іздестіру шиеленістің деңгейін төмендетуге септігін тигізеді. Бұған деэскалация қағидаты дәлел бола алады. Яғни, мұнда екіжақтың біреуі бейбіт жол іздестіреді.

Жанжалдар әуел бастан бастап шешілуі қажет. Реттеуді екіжақтың соғысы басталмас бұрын шешу маңызды.

Бақылау сұрақтары

1. «Халықаралық жанжал» ұғымына анықтама беріңіз.
2. Халықаралық жанжалдардың жиі кездесетін себептерін атаңыз.
3. Жанжалдардан сақтап қалудың және оны реттеудің ең тиімді тәсілдерін атаңыз.
4. Сіз жанжалдарды реттеудің қандай бейбіт жоды қагидаттарын атай аласыз? Олардың мәні неде?
5. Халықаралық – саяси жанжалдарды шешудегі «үшінші жақтың» рөлі қандай?

6 Жаһандану әлемдік саяси үдерістің дамуының негізгі тенденциясы ретінде

6.1 Жаһандану халықаралық қатынастардың дамуының факторы ретінде

Қазіргі уақытта халықаралық қатынастардың барлық жүйесінде терең өзгерістер болып жатыр. Оның сипатына жаһандану тән. XX ғасырдың 90-ы ж. «жаһандану» деген термин – қазіргі халықаралық қатынастардын үрдістерін белсене пайдаланып, дүниежүзілік аренада жалғастырады. Жаһандану мүддеге немесе өзге мемлекеттің идеологиясына тәуелді болмайды.

Жаһандану түсінігін универсализация және әлемнің гомогенизациялары сияқты түсініктермен жақын сипаттауға болады.

Жаһандық ауыл – журналистикада және танымал әдебиеттерде пайдаланылатын метафора, ол Жер жүзіндегі барлық адамдар бір тағдырмен байланысты дегенді білдіреді.

Жаһандану ұғымы түрліше түсіндіріледі, басым көзкарас бойынша, ешбір әрекет (экономикалық, әлеуметтік, заңды, саяси, әскери және т.б.), ешбір қоғамдағы үдеріс, біздің өміріміздегі ауқымдылығына карамастан шектеулі карауға болмайды.

Халықаралық қатынастың жаһандануы - қоғамдық өмірдің және қызметтің түрлі шеңберінің арасындағы халықаралық қатынас саласындағы өзара байланыс.

Альтерглобалистер «дұрыс жаһандануды» әртүрлі түсінеді:

1) кәсіподақтар, жұмысшылар мен коммунисттер – жаһандануды кері қайтару максатында бұқара халықты халықаралық ынтымақтастыкка шақырады. Үлкен карама-кайшылықтарды «дежаһандану» үрдісі шақыртты – мұнда халықаралық қаржы ұйымдарының орнына экономикалық жаһандық басқарудағы плюралистік жүйе құру көзделді. Алайда 2002 жылдың 2 ақпанында өткен Бүкіләлемдік әлеуметтік форум конференциясына қатыскандардың көпшілігі бұл жаһандану үрдісін қолдамады;

2) альтернативті жаһандануды жақтаушылар, қазіргі оның калпын мойындамай, этномәдениетті сақтап қалу үшін неолиберализм үстемдігіне карсы шығады;

3) реформистік қанатқа қалыптаскан саяси жүйемен жұмыс істеуге әзір топтар жатады. Осы қозғалыска діни қауымдастықтар жатады, Халықаралық дамудың католиктік коры, экологиялық топтар («Жер достары» және т.б.), дамып келе жаткан елдердің карыздарын жоюға бағытталған топтар. «Жаһандық демократизация үшін қозғалысы» АТТАК ұйымымен ұсынылған. «Тура әсер ету жүйесі» – ақылы медицина, жасыл алқаптарды жою, үшінші әлем елдерінде ТҰК саясатын қолдамайтын университеттік қозгалыс.

Халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесіндегі өзгеріс, ең алдымен оның барлық құрылымдық ұйымына мемлекетаралық саяси қатынастардың әсерінен болып жатады.

6.2 Жаһандану жағдайындағы халықаралық қатынастар (дамудың негізгі тенденциялары)

Жаһанданудың халықаралық қатынастарға әсер етуіне байланысты төмендегі тенденцияларын атап көрсетуге болады:

- мемлекетаралық шекаралар объективті күшеюі;
- трансмемлекеттік, трансұлттық капиталдың, ақпараттың және адамдарға қызмет ету ресурстарының (жұмыс күші нарығы) күрт өсуі;

- әлемнің барлық бөлігінде унифицирленген стандарттардың бұқаралық таралуы;

- мемлекеттік емес реттеушілердің дүниежүзілік экономикада және халықаралық қатынастарда маңызының артуы;

- сырткы және ішкі саясаттың шектелуі;

- тұлғаның әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін коммуникациялық араласудың біртұтас кеңістігін қалыптастыру;

- өзара байланысқан постулаттардың «жаһандану идеологиясы» жиынтығы ретінде пайда болуы.

Жаһанданудың барлық оң нәтижелеріне қарамастан, ол өзіне барлық қайшылықты және қазіргі уақыттың жанжалдарын қаратты. Бұл біркалыпты дамып келе жатқан жүйе емес, керісінше, түрлі кері жагдайларга толы. Көптеген елдер мен аймақтарда жаһандану салаларға әсер етеді, мәселен, экономикалық, ал кей мемлекеттерде жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Сонымен қатар көптеген елдер әртүрлі себептерге байланысты (саяси оқшаулық, технологиялық мүмкіндіктің болмағауы және т,б) жаһандық үрдістершеңберінде қалды. Соган қарамастан қазіргі жаһанданудың шапшан дамуына байланысты технологиялық жоспар, әлеуметтік-экономикалық әртүрлілік сезіле бастады. Бұл құбылыс «жарылған өркениет», «өркениеттердің қақтығысуы» теорияларында көрініс табады. Баска да маңызды жайттар бар. Шекараның ашықтығына байланысты заңды мемлекеттік институттар өзінің билігін жоғалтуда.

Халықаралық қатынастың жүйесі үшін біргелкі симметриялық жаһанданудың лайықты болжамдары өмір сүруде.

Оптимистік сценарий өз назарын жаһанданудың артықшылықтарына қаратады. Бұқарашыл құқықтың және жеке еркіндіктің ұлгаюы адамзаттың ілгерілемелі дамуына сәйкес келеді. Соған қарамастан, жаһандану мемлекеттің үлкен ашықтыгына және күрделі халықаралық құралымға әсер етеді.

Писсимистік сценарий дүниежүзілік еркін нарықтың қалыптасуын қарамайды. Керісінше, ол дамыған елдердің капиталын өсіреде деп есептейді.

Скептиктердің негізгі идеялары бойынша «жаһандану» терминімен белгіленген үрдістер объективті және шарасыз болып табылады. Олар мемлекеттер мен халықтың алдында жаңа мүмкіндіктерді ашады, бірақ та олардың алдарында бірқатар қиындықтар пайда болады, тек мықты мемлекет ғана жаһанданудың идиологиясына қарсы тұра алады. Скептиктер жаһандық желі интернетке де өздерінің күдіктерін айтуда, өйткені ол өзінің қазіргі

жағдайында қоғамға қандай да бір жақсы жағынан әсер ете алмайды деген ойда.

Бақылау сұрақтары

1. «Жаһандық ауыл» метафорасы нені білдіреді?
2. «Халықаралық қатынастағы жаһандануға» анықтама беріңіз?
3. Халықаралық қатынастың жаһандық жүйесіндегі қандай өзгерістерді айта аласыз?
4. Халықаралық қатынаска жаһандану әсер етуіне байланысты қандай үрдістерді білесіз?
5. Халықаралық қатынастар жүйесінде «оптимистік» және «писсимистік» дамулардың айырмашылықтары неде?

7 Жаһандану жағдайындағы қазіргі әлемнің елдері мен аймақтары

7.1 Әлемнің дамыған елдері ғылыми-техникалық үрдістің негізгі қозғаушы күші ретінде

Дамыған елдердің әлем экономикасында алатын орны ерекше. Олар 3/4 жалпы дүниежүзілік өнімді өндіріп, әлемнің негізгі бөлігіндегі ресурстарды қолданады. Осы елдерде әлемнің 16 % халқы мекендейді, дүниежүзілік экономикалық және ғылыми-техникалық әлуеттің негізгі бөлігін жасайды.

Дамыған елдердің әлем экономикасына әсері зор. Олар экономиканың жагдайын, стратегиясын және өзгермелі сипатын анықтайды. Жапониядан басқа барлық дамыған елдер Батысеуропалық немесе Батыс Европадан шыққан болып табылады. Елдің осы біркелкі шағын тобына Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Греция, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, АҚШ, Финляндия, Франция, Швейцария, Швеция, Жапония кіреді.

Дамыған елдерде жаңартылған өндірістегі техникалық және технологиялық көтермелерге, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға мемлекет каржылай көмек көрсетеді. АҚШ, Жапония және Германияда мемлекет каржы жағынан толық бақылау жүргізеді. Ол өндірістегі барлық инвестицияны қадағалайды және инновациялық жобаның инвестициялауында қызығушылық танытады.

Дамыған елдердің көпшілігінде барлық ұлттық ғылыми-зерттеу жұмыстарының және практикалық зерттемелердің 1/3 бөлігіндегі

шығынын алып жатыр. Дамыған елдерде арнайы ғылыми қалалар салына бастады. Жапонияда олар үшін авиакосмостық техниканы жасаушы, робот құрастырушы, электроника, есептеуші техника сияқты ғылыми-зерттеулерге жақын өндірістер таңдап алынған. АҚШ-та осындай технополис есептеуші техниканың дамуына деген маңызды ықпал ететін компьютерлік фирманың көпшілігі Калифорнияда Силиконды жазық (Кремийлік) орналаскан.

Мемлекеттің көмегімен дамыған елдер ғылыми-техникалық прогрессте әлемде ең жоғары жетістіктерге жетті. Олар ең ірі ғылыми-техникалық әлуетке иеленді. Бұл дамыған елдердің ең басты өзгешелігі.

Дамыған елдердің шаруашылығы тек қана ғылыми-зерттеуші орталықтарға ғана емес, сонымен қатар білікті жұмыс күшіне де бағытталған. Бұл елдер өзгелерге қарағанда жоғары дәрежелі және білімді жұмыскерлерді қажет етеді. Сонымен қатар дамыған елдер «үшінші әлем елдерінде» арзан жұмыс күшін пайдалану үшін және экологиялық апаттарды өндіріп жатқан елдерге аудару мақсатында индустриялық өндірістердің алғашқы сатыларын аударуда.

«Бірінші әлем» елдері дүниежүзілік экономикалық байланыстың сипатын анықтайды. Олардың ұлттық экономикалары ашық болып табылады, яғни олар басқа елдердің экономикасымен байланысты болып келеді. Дамыған елдердің сыртқы экономикадағы орталық жері капитал қозғалысына тәуелді болып табылады. АҚШ, Жапония, Германия және Ұлыбритания арасында негізгі байланыстар жүреді. Патент, озық техникалық және технологиялық зерттеменің лицензияларымен сауда болып жатады.

7.2 Жаһандану жағдайындағы «үшінші әлем» елдерінің мәселелері

Ғылымда әлемдегі елдерді «дамыған» және «дамушы» деп бөлуге болады. Бұл елдердің саясатына және басқа әлемде алатын мәртебесіне тиіспей, қазіргі кезде экономикадан алатын орнын қарастырайық.

Қазіргі жаһандық капиталистік дүниежүзілік жүйе И. Валлерстайннің тұжырымдамасы бойынша, мемлекеттің үш үлгісін карастырады:

1) «ядролық» дамыған, тиімді саяси ұйымы бар, әлем экономикасында басты орын алатын, халықаралық еңбек бөлудегі максималды өз пайдасын алатын мемлекеттер. Барлық тең мүмкіндіктердегі еркін бәсекеге қарамастан мемлекет-«ядро» өздерінің көшбасшылықтарын сақтап қалуға тырысады. Нақты

шарттардағы мәселеге байланысты олардың карулы күштерді енгізуге дейін мүмкіндіктері болады:

2) «периферейлік» мемлекет, дүниежүзілік экономиканың шикізат базасына қызмет етеді. Әлсіз, тұраксыз үкіметтермен «ядроға» экономикалық тәуелді, жаһанданудың «шығайлары» баскарады.

Батыспен ұсынылған экономиканың құрылымды өзгеруі, жекешелендіру, нарықтардың ашылуы салмакты нәтижелерді алып бермеді. Нәтижесінде мемлекеттің құлдырауы және экономикалық азушылықтың болуы (деградация) ықтимал. Бұл аймақтарда демократияның сақталуы өте сирек кездеседі. Шатақтың және жалпыға бірдей күйзелістің облыстары аукымданады (Африканың үлкен бөлігі, Латын Америкасы, Азияның кейбір елдері);

3) «жартылайпериферияльық» мемлекет, дүниежүзілік жүйенін ішіндегі саяси автономияда кезеңдік орын алады, «ядро» елдермен бәсекелесуге кабілетсіз, сондықтан оларға экономика жағынан тәуелді болып келеді. «Ядрода» сиякты, «Жартылайпериферия» «Периферия» сипаттарынна ұксас болып келеді. «Жартылайпериферия» «ядро» мен перефириянын арасында дәнекер бола алады. Ядроға тән институционалдық белгілерді тіркестіре отырған (Орталық және Шығыс Европпа мемлекеттері, сонымен катар Ресей, жылдам жетіліп жаткан Онтүстік және Шығыс Азия мемлекеттері) перифериясы. Дифференциацияның іргелі үрдістері казір тек қана жеке тұлғаларға катысты емес, сонымен катар корпорациялар, топтар, және де тұтас мемлекеттер мен аймақтарға катысты болып келеді.

Теріс үрдістің өсуі дүниежүзілік саясатта халықаралық экстремизмнің және ланкестік айбатынын көтермелеуі, жаһандық экологиялық мәселелер, «кедей» және «бай» мемлекеттердің арасындағы терең ажыраулар, саясат және халықаралық катынастардың арасындағы келіспеушіліктер, осы мәселелердің барлығы саясаттың ғылыми зерттеу өзектілігін жоғарлатады.

«Үшінші әлем» термині алғашкы рет 1952 жылы 14 тамызда «L'Observateur» журналында француз ғалымы Альфред Совидің макаласында колданған болатын. Ол өзінің макаласында үшінші әлем елдерін дәстүрлі қоғамның үшінші кауымдастыкпен салыстырған болатын. Бастапкы кезде ол суык соғыс кезіндегі бірінші әлем (НАТО), не екінші әлем (Варшава келісімі) катысы болмаған мемлекеттерге байланысты болды. «Үшінші әлем» дамыған державалардың аланы болды.

Яғни, «Үшінші әлем» XX ғасырдың екінші жартысындағы географиялық термин, «суык соғыска» катыспаған және оның кару-

жарақтануына көмектескен мемлекеттер. Қазіргі қолдануында «дамушы елдер» терминінен көп ажыратылмайды.

Дамушы елдер диверсифицирленген экономика мен экспорттық құрылымдарға азырақ ие болады. Бұл оларды шикізатқа баға тербелген кезде және халықаралық нарықта қаржы күйзеліске ұшыраған кезде едәуір әлсіреді.

Дамыған елдерге қарағанда «жартылайпериферияльық» және перифериялық мемлекеттер жаһанданудың субъектісі емес, керсінше, оның объектісі (тіпті айтқанда «құрбаны») болып келеді. Яғни, бір уақытта екі әртүрлі бағытталған үрдістер көрсетіледі:

1) Батыстың перефериряға деген тәуелділігінің төмендеуі;

2) «перифериянын» және «жартылайпериферияның» экономикалық және әлеуметтік мәселелерінің ушығуын шешетін тиімді ресуртардың жоқтығы.

«Үшінші әлемде» батысқа қарсы экстремистік және террорлық бастау алған көтерілістер ұлттық мемлекетке қарсы жиірек бағытталады. Колониялық тәуелділіктен босату нәтижесінде қалыптасқан көптеген мемлекеттердің ұлттық санасы, ішкі бірлігі, институтционалды құрылымдары болмайды.

Өзінің бостандығы үшін күресте «Үшінші әлем» елдері ұлттық мемлекет мәртебесін алуды мақсат етіп қойды. 1960 жылдардың басында Р. Ароннын жазуы бойынша «еуропалықтар әлемнің барлық елдеріне ұлтты енгізгендеріне қарағанда ұлтшылдықты енгізген болатын» Европалық (колониялық) империянын құлдырауы нәтижесінде қалыптасқан өздерінің бұрынгы иелеріне карсы тұратын ұлтшыл мемлекеттер болып келеді.

Европада, жалпы Батыста ұлттық мемлекеттерді немесе ұлтшылдық фазаны нақты женгені жайлы сұрастырылмайды. Ал Азияда, Таяу Шығыста, Африкада ұлтшылдықтың нәтижесінде ұлттар белгілі бір нысанға келтірілетіні жайлы сұрастырылады. 1960 жылдың басынан бастап «Үшінші әлем» елдеріндегі халықтын Европа мен Америкаға көшіп-қонуы артуда. Этносаясат пен миграция бір-біріне баттасуда, себебі көшіп-қонушының маңызды және ең белсенді бөлігі исламды ұстанушылар болып келеді.

XX ғасырдың екінші ширегінде әлемде демографиялық жағдайда күрт өзгерістер болды: кедей мемлекеттердің тұрғындары көбеюде, ал дамыған және бай мемлекеттердің тұрғындарының саны оған карағанда қысқаруда. Үндістанның, Таяу Шығыстың және Үнді-Қытайдың халқы ерекше тез өсуде. XXI ғасырда орташа есеппен алғанда Азияда бір әйел басына 6 баладан келеді, Африкада-7-ден, ал

Европада 1970 жылдан бастап бұл сан 1 ден 2-ге дейін ауыткып тұрады.

В. А. Лисичкин и Л. А. Шелепин зерттеушілердің айтуы бойынша туылымның төмендеуінен-ак нәсілділердің азаюы болып жатыр. Барлык Европалык бірлестіктерге карағанда Индонезияда казіргі кезде жастар көп. «Үшінші әлем» халыктарының Европа мен АҚШ-ка топтап көшіп-конуы өмір сүру деңгейінің осындай өзгеріске ұшырауын көрсетеді. Оның ортак саны батыс Европада 10% шамасын құрайды.

Қазіргі кезде Араб-Африка елдерінен шыккан халыктар мен Европаның жергілікті тұрғындарының арасындағы келіспеушілік кысымдар ушыға түсуде. Ол имигранттардың арасындағы кылмыскерлердің өсуіне және олардың жергілікті тұрғындардың мәдениетін мойындамай оларға сінісіп кетуден бас тартуына байланысты болуда. Бұл жағдай 30 жылдан астам болып жатыр, казіргі кезде бұл жағдай өте кауіпті, бұл жағдай казіргі либералды саясаттың әлсіздігін көрсетуде.

Бастапкы кезде шетелдік жұмыс күшін пайдалану екінші дүниежүзілік соғыс кезінде батысеуропаның экономикасының күлдырауына әкеліп сокты. Қолайсыз мемлекеттерден шыккан адамдар сол мемлекеттің еңбек акысы бойынша төленетін ең төмен айлығына карамастан кез-келген ауыр жұмыстарда еңбек етуге дайын болды. Сонымен катар Европадағы өсіп келе жаткан саяси либерализм маңызды орын алды. Бас кезінде барлығы жаксы болатын: ешбір киындыксыз соғыстан кейінгі экономиканы көтеру мүмкіндігі болды. Бірак та 70 жылдарға карай жағдай өзгерс бастады: өмірдің жаксы жактарымен және де өздерінің табыстарын көбейтуге тырыскан батыс кәсіпкерлерінің карсы алулары нәтижесінде еуропаға Араб және Лфрика елдерінен өте көп иммигранттар келе бастады.

Европаға келушілер жергілікті тұрғындарға сінісіп кетуді каламады, олар жұмыссыздыктың нәтижесінде жан-жактан жиналған өздерінің дәстүрлерімен, тілдерімен және заңдарымен полицейлерге бағынбайтын «гетто» кедей аймактарды калыптастыра бастады. Көші-конның нәтижесінде Европалык континенттің колонизациялануы жергілікті тұрғындарды ығыстыру еске түсіріле бастады.

2005 жылдың күзінде Парижлің шет жактарында топтык күйретулер орын алды. Онда Африкадан және Таяу Шығыстан келген иммигранттар катыскан болатын. Бұл агрессиялык әрекет кезінде жүздеген адамдар зардап шегіп, француздардың көліктері киратылып, дүкендер мен банктер өртенді. Сол жылдың соңына карай жалпы европалык жанжал болды. Оған себеп болған жергілікті газеттердің

біреуінде Мұхаммед пайғамбарға сөз тигізгендері үшін Европа мен Араб елдерінде топтық күйретулер болды.

Өткен 2011 жылы араб әлемінін саяси тұрақтылығы бірталай нашарлады. Айтпақшы, «Араб әлемі» деген ұғым 22 арабтың елдерін персиялық шығанақтың және аравиялық теңіздің жағасынан, шығысқа дейін атлантикалық мұхиттың жағаларының Солтүстік Африкаға дейін орын алды. Әлеуметтік-саяси әдебиетте «Араб әлемі» екі топ мемлекетке бөлінеді: Мавритания, Морокко, Алжир, Тунис арабтың батысын (араб «аль-магриб» тәрбиелейді), ал екінші топқа барлық қалған елдер кіреді, Ливиядан шығысқа бағытталған Шығыс Араб (араб «аль-машрик»). Араб елдерінің алатын территориясы 12 млн. кв км асады, оның халқының саны 200 млн.

Араб елдеріндегі революциялар және жаппай тәртіпсіздіктер, сонымен қатар НАТО-га кіретін мемлекеттердің Ливияға жасаған әрекеттерінің нәтижесінде Еуропаға қашып келушілердің саны арта түсті. Иммиграциялық толқынның ең басты толқыны Италияға келіп соқты. Осында күн сайын күтпеген қонақтардың мыңдағаны келуде. Мемлекет либералды-демократиялық ұмтылыстың нәтижесінде келгендерді лагерлерге орналастыру үстінде болғанда, жергілікті тұрғындар оны ұнатпай өздері келушілерді ығыстыру шарасын қолдана бастады.

Кейін иммиграция елдің қауіпсіздігімен тұрақтылығына қауіп төндіруші ретінде қоғаммен қабылданатын болды. Көпшіліктің ортасында иммигранттар есірткі сатушылар мен қылмыскерлермен теңестірілетін болды. Лаңкестіктің алдындағы қорқыныш иммигранттарға қауіптенумен қарауға әкеліп соқты, әсіресе мұсылман елінің иммигранттарына.

Осыған байланысты Еуропадағы ұлттық партиялар мен саясаткерлердің атақтары шығуда. Нидерландының «Бостандық партиясы» иммигранттарға байланысты қатаң айқындаманы (позиция) қолдаушы партия 2010 жылы дауыс берушілердің 15 % жинап 3 орынға ие болды. Венгрияда былтыр өткен сайлауда 53 % дауыс жинаған «Фидес» ұлттық-консервативтік партия болды. Сонымен қатар дауыстың 17 % ультронационалитік партия «Жаксы Венгрия үшін» алды. Францияның ұлтшыл партиясының көсемі «ұлттық майдан» Марин Ле Пен (белгілі саясаткер-ұлтшыл Жана Мари Ленің қызы), әлеуметтік сұраструдың нәтижесі бойынша оның 2012 жылы президент болуға мүмкіндігі бар, яғни оган жергілікті тұрғындардың 23 % дауыс беруге әзір, (қазіргі президент Николя Саркози үшін 21 %).

«Үшінші әлем» елдерінің мәселелері өте көп. Оларды шешпеу экстремизмнің пайда болуына алып келуі мүмкін, ал оны шешу нақты жаһандану әлемінің пайда болуын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қортындылай келе: бүгінгі халықаралық қатынастар төтенше күрделі жүйені ұсынады. Егер 7 млрд. адамның көзқарастарына көніл аударатын болсақ, оларды басқаратын екі жүзге жуық үкімет, сансыз өзін басқару органдары, он мыңға жуық жеке ұйымдар, ТҰК және ТҰБ, діни ағыстың және этникалық тұтастықтың алуантүрлілігі, дүниежүзілік экономиканы интернационализациялаушы, интеграциялаушы және жаһандандырушы, телекомуникациялық жүйелерді ұлғайтушы, осының барлығы халықаралық саяси қатынастардың ең күрделі жүйе екендігін көрсетеді. Қазір «үшінші әлем» елдерінде шешілмеген әлуметтік, мәдени, демографиялық және саяси мәселелер көп, оны ойластырмай болашақ жастарға қалдыруға болмайды. Бірақ та дамыған елдердің және халықаралық ұйымдардың «үшінші әлем» елдерінің жағдайына араласпауысыз болмайды.

Ең басты осы елдердің мәселелерін шешу жолдары әлеуметтік-экономикалық өзгеріс енгізу, ғылыми-техникалық зерттеулердің дамуы, халықаралық бірлестіктер, осы елдердің ішкі саясатын ойластыру болып табылады.

Мынадай көмек осы елдерге грантты (яғни, өтеусіз көмек), техникалық колғабысты, консультациялық қызмет аткаруларды, жеңілдікті шарттарда заемдерді беру болып табылады. Мемлекеттік көмектің бағдарламалары ең алдымен халықтың әлсіз тұрғындарына бағытталған болуы тиіс (бала-шаға, әйелдер). «Суық соғыс» кезінде қаржылай көмек саяси және стратегиялық мүддеге байланысты болды, ал казіргі кезде либералды экономикалық жағдайлары нашар елдерге көмек толығымен көрсетілуде.

Дамушы елдерге құнсыз көмекті сырткы инвестиция және технологиялық экспорт көрсете алады. Жасалған жаңа жұмыс орындары халықтың әл-ауқатын көтереді. Сонымен қатар елдің жағдайын жақсартып, оның экологиялық бағдарламалар үшін төлеу мүмкіндігін арттырады. Өздеріне меншікті тауарлар арзандығына байланысты және жұмыс күшінің арзан болуы мен ресурстардың арзандауынан жергілікті тұрғындар үшін импорттық тауарға қарағанда қызығырақ болады. Және де казіргі жаңа технологиялар экологиялық жағынан таза болып келеді. Соған карамастан технологиялар мен жаңа құрал-жабдықтар белгілі бір мемлекеттің шарттарына бейімделулі болуы керек.

Бақылау сұрақтары

1. Дүниежүзілік экономикада қандай мемлекеттер үстем орын алады? Олардың рөлі қандай?

2. Сыртқы экономикалық байланыста қандай дамыған елдерге капитал қозғалысы жатады?

3. И. Валлерстайнның тұжырымдамасы бойынша қандай үш мемлекет қазіргі жаһандық капиталистік үлгінің дүниежүзілік жүйесінде орын алады?

4. «Үшінші әлем» елдеріне дамыған елдерден көмек неден байқалады?

5. Жаһандану шартында дамушы елдердің жағдайына сипаттама бер.

8 Әлемшаруашылық байланыстардың жаһандануы

8.1 Жаһандану және әлемшаруашылық қатынастар

Халықаралық қатынастардың және әлемшаруашылықтың жаһандану байланыстары – заңды үрдіс. Кең түсінуде – бұл халықаралық өмірдің өзара іс-әрекетінің түрлі оқиғаларының факторлары (экономикалық, адамгершілік-құқықтық, әлеуметтік, саяси, этникалық, діни, психологиялық және т.б.).

Қазіргі кезде халықаралық қатынастардың барлық жүйесінде күрделі өзгерістер болып жатыр. Олардың маңыздысы *жаһандану*. Бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі: бірде бір әрекет (экономикалық, әлеуметтік, заңды, саяси, әскери және т.б.), қоғамдағы бірде бір үрдіс, не біздің өмірде болсын оның мағынасының ауқымдылығына не керсінше тарлығына карамастан, оның мүмкіндіктерін шектеп карастыруға болмайды. Саясатта, экономикалық, әлеуметтік, этникалық факторларда алғышарттардың анықтамасы қиындай түсуде.

Жаһандану кең мағынада тікелей кеңістіктің маңызды көбеюін білдіреді. Мұндай кеңістікке байланысты мәселелерді дүниежүзілік қоғамдастық халықаралық қатынастардың барлық жүйелерін карастырады. Сонымен қатар халықаралық қатынастар өзінің мүмкіншіліктеріне қарамастан басқа елдерге әсерін тигізеді. Мысалы, қазіргі заманның өткір мәселесі – НАТО-ға жаңа елдердің кіруі. Саяси және әскери мәселе болған сияқты. Экономикалық қаруланулармен сыртқы сауданың қайта бөлуі өте маңызды іс болды. Әскери өндіріске инвестицияларынның өзгеруі, яғни әскери бюджеттің өзгеруі, әскердің дайындығына берілетін қаржының өзгеруі болды.

Жаһандану үрдісінің тез жетілуі халықаралық қатынастардағы ақпараттық жүйенің жақсаруымен, бұл қатнастардың арта түсуіне байланысты.

Жаһандану халықаралық қатынастардың әлемдік экономикасы мен әлемдік шаруашылық жүйесіне әсер етеді. Яғни көптеген салаларда экономика, өндіріс, демография, экология, әлеуметтік қатынастар, саясат мәселелер қозғалады. Бұл жерде әр түрлі дәрежеде қамтулар болады.

Әлемдік шаруашылық қатынастарышда жаһандану басқа мемлекеттердің экономикасына ықпалын тигізеді және оның барлық салалары мен секторларын қамтиды (ішкі, сырткы, НИОКР, өндіріс, нарық, үндеу, тұтыну), ол елдер арасындағы экономикалық байланысты анықтайды. Жаһандану өзінің осы тар мағынасында МЭО-ның барлық түрлері: сырткы сауда, қозғалыс, өндірістің тағы басқа факторлары, еңбек ресурстарының ауысуы, ғылыми, техникалық-технологиялық, инжиниринг және елдердің арасындағы ақпараттық ынтымақтастықты қамтиды.

8.2 Әлемшаруашылық байланыстардың жаһандануының факторлары

Әлемшаруашылық қатынаста жаһандану қазіргі дүниежүзілік қоғамдастықты дамудың шарттарын көрсететін, ғылыми-техникалық және экономикалық үрдісті көрсететін жиынтық. Бұл кезең адамзаттың жаңа белестерге шығу кезеңі болып табылады.

Барлық әлемдік экономиканың салалары мен секторлары жылжымалы болып келеді. Халықаралық аймақтардағы жағдайлар үздіксіз өзгеріп отырады. Әсіресе ол жеке, ұлттық және трансұлттық кәсіптерге байланысты. Мысалы, 1995 жылы американдық ТҰК компьютерлік техниканы және бағдарламаларды жасаушы «Майкрософт» әлемдегі ең ірі 15-тіктің қатарына кірмеген, бірақ ол 1998 жылы басқаларынан озып бірінші орынды иеленген болатын. Ол көп жылдар бойы алда болған. «Дженерал электрик» және «Роял Датч-Шелл» фирмаларын артта қалдырды.

Әлемшаруашылық жүйесіндегі жаһандану көп деңгейлі оқнға. Ол жеке кәсіпорындар (микроденгей), тауарлық, қаржы және валюталық, нарық және еңбек базарлары (мезоденгей), аймақтық, ұлттық экономяканы (макроденгей) қамтнды. Нарықтық қатынастарда микроденгей әлемдік шаруашылықтағы жаһанданудың негізгі құрылымын құрайды. Олардың халықаралық экономикалық байланыстарының барлық жеке кәсіпорындар, фирмалар, кәсіпкерлік пішіні барлық форма жағынан анықтайтын

субъектілермен анықталады. Әлемдік шаруашылықтың тәжірибелік көлемінде халықаралық нарықтағы мезодеңгейде тауар, капиталдар, еңбек ресурсы, қаржы және валюта қарастырылады. Жаһандану факторларының көп болуына байланысты макроэкономикалық деңгейдің маңыздылығын көрсетеді. Бір жағынан халықаралық экономикалық қатнастардың әлсіреуіне кедергі болады.

Әлемишаруашылық байланыстардағы жаһанданудың факторлары:

1) **халықаралық сауда** (тауар және зияткерлік меншіктің қызметтермен, технологиялармен, объектілерімен);

2) **өндіріс факторларының халықаралық ауысуы** (еңбек, жұмыс күші, капитал, ақпарат);

3) **халықаралық қаржы-несиелік операциясы** (біржолата қаржыландыру және көмек, несие және халықаралық экономикалық қатынастардың әр түрлі субъектілері, заемдар, бағалы қағаздармен жасалатын жұмыстар, арнаулы қаржы тетіктері және құралдар, валюта операциялары);

4) **халықаралық экономикалық бірігу.**

Басқа факторларға қарағанда халықаралық экономикада интеграцияның маңызы еркше. Тұрақты және орнықты халықаралық ынтымақтастық екі жақты ыңғайлы дипломатиялық қатынастарды алдын-ала көрсетеді. Табанды қажеттіліктің біртұтас болуы экономикалық, құқықтық, ақпараттық және шаруашылық кеңістіктің барлық субъектілерінің нәтижесінде қалыптасады.

Бақылау сұрақтары

1. Әлемишаруашылықта жаһанданудың байланыстарын оқиға ретінде сипаттаңыз.
2. «Жаһанданудың» қандай түсіндірмелі термині сізге белгілі?
3. Қазіргі заманның өткір мәселесі неде?
4. Әлемишаруашылықтағы жаһанданудың факторларын атап шығыңыз.
5. Неліктен қазіргі таңда халықаралық экономикалық бірігу басқа факторларға қарағанда маңызды орын алады?

9 Жаһандану жағдайындағы халықаралық қатынастардың модельдері

9.1 Қазіргі әлемдегі халықаралық қатынастардың негізгі «полюстері»

Ғаламдық деңгейде халықаралық қатынастардағы ұзақ мерзімді тарихи оқиғаларға сүйене отырып, халықаралық қатынастардағы жаһандық құрылымдардың үш негізгі түрін көрсетуге болады: көп полюстік, екі полюсті және бірполюсті. Халықаралық қатынастардың полюстік ұйымдары бір, екі немесе оданда көп ықпалы жоғары (экономикалық, саяси әскери-мәдени, идеологиялық, дипломатиялық және т.б.) мемлекеттердің халықаралық қатынастарға әсерін көрсетеді.

Халықаралық қатынастардағы қалыптасқан тарихтың қиындылығына байланысты жоғарыда көрсетілген түрлердің бірде біреуі таза күйінде қолданбайды. Олардың әрқайсысында басқа элементтер міндетті түрде орын алады. Көпполюстіге күштің тепе-теңдігі жатады, екіполюстіге – конфронтацияның басымдылығы, ал бірполюстіге – бір мемлекетті қатаң бақылауға алу жатады. Тарихи дамудың тәжірибесі халықаралық қатынастардың негізгі типі бірполюстіге және екіполюстіге қарағанда көпполюсті болып келетінін көрсетеді. Шындығында, тарихи өткенді шолуда екі полюстілік жауынгерлік әрекеттер, соғыстан кейін реттеуді, соғыска дайындық әр түрлі оның кезеңдері тікелей жанжалға қатысты кезеңдерде болды. XX ғасырға дейін халықаралық қатынастарды жаһандануда екі полюстілік аймақтық деңгейіне шықпады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастарда көпполюстінің басты элементтерін қайта қалпына келтірді.

Тек екінші дүниежүзілік соғыс қана екіполюстіліктің мазмұнын сапалы түрде өзгертті. Әлемдік қоғамдастықтардың қызығушылықтарының мүмкіндіктеріне шек қойды. Бірполюстылыкка талпыныс, ірі мемлекет гегемониянын анықтауына әртүрлі халықаралық қатынастарда барлық тарихи оқиғалар аркылы өтеді, оның бастауын алған: Александр Македон және Римдік империянын Наполеон Франциясына дейін және Бисмарктін Германиясы қамтиды. XX ғасырда әлемдік үстемдікті құртуға үлгі-өнеге көрсетті.

КСРО-ның құлдырауы және әлемдік әлеуметтік жүйе «бірполюсты» әлемнің пада болуына әкелді. 1990 жылдың басында бұл көзқарасты көптеген талдаушылар жақтады, ал 90-ы жылдардың

ортасына қарай бірполюсті жүйе халықаралық қатынаста ынталандырушы орын алатыны күдікті бола бастады.

9.2 Жаңа регионализм

Жаһанданумен қатар аймақтандыру үрдісі көпполюсті жүйенің интеграциялануына әкелді. Осыған байланысты 1980 жылдан бастап «жаңа аймақтану» жетіле бастады. Маңызды аймақтық біріктірулер пайда болды: АСЕАН (1992), МЕРСОКУР (1992), ЕС (1993), НАФТА (2994), ТМД (1991). Олардың қалыптасуында экономикалық фактор атқарушы фактор боды, ал саяси фактор екінші орында. Себебі, бұл бірлестіктердің басты мақсаты еркін сауда аймақтардың (кішірек дәрежеде ТМД) оң серпін беретін либералды сыртқы сауда тәртіптерін жасау болды.

Жаңа регионализмнің пайда болуы ЕО-ның жаңа интеграциясы қалыптасқан кезінде ішкі нарықтың пайда болуына әкеледі. Ол өзінің саяси-экономикалық үрдісін және жеке қауіпсідіктері мен дамуы үшін бағытталған.

Алайда, осы бүкіл әлемдік серіктестік кезіндегі регионализмнің де қолайсыз жағдайларынан абай болған дұрыс.

Көп аймақтық ірі мемлекеттер көп жартыға өткел шарттарындағы өз әсерін күшейтіп, көрші әлсіздеу елдерді бағындырып алды. Аз елдер сонымен бірге аймақтықты пайдаланып, әлемдік аренада өз позицияларын жақсарта алды.

Көпполюстікке өткен кезеңде көптеген алып державалар өздерінің әсерлерін арттырып, өздерінен әлсіз көрші елдерін бағындыру мүмкіндіктері болды. Сонымен қатар, ұсақ елдер регионализмді қолдана отырып, дүниежүзілік аренада өздерінің орындарын алуға мүмкіндіктері болады.

Аймақтық құрылымдар телекоммуникациялардың көші-қоны, қоршаған ортаны қорғау, дамуы сиякты мұндай салаларда ынтымақтастыққа жақсы ынғайлы болған.

Кейбір аймақтарда субұлттықтың пайда болуы орын алады. Мысалы, Италияда – Ломбардия, Испанияда – Каталония, Германияда – Баден-Вюртемберг, Канадада – Онтарио және Квебек.

Бақылау сұрақтары

1. Жаһанданумен қатар қандай үрдіс көпполюсті үрдістің қалыптасуына әсер етеді?

2. Халықаралық қатынастарда жаһандық маңызы бар үш негізгі түрді атаңыз?

3. Жаңа аймақтықтың ерекшелігі не болып келеді?

4. Қай кезеңде «жаңа аймақтық» өзінің дамуына келеді? Және оның себебі неде?

5. Халықаралық қатынастардағы полюстілік нені білдіреді?

10 Жаһандану жағдайындағы билік институтының дағдарысы

10.1 Жаһандану жағдайындағы «күштеу-бағындыру» қатынастар түсінігінің өзгеруі

Қазіргі кезде шекараны қорғау әскери күш үшін соншалықты маңызды тапсырыс болып келмейді. Қазіргі халықаралық саясаттың негізгі сипаттамасы өктемді қатынастарды жаһандық аукымда эрозиялы болып көрінеді (карсы күресетін саяси күштер, зорлықтың қолдануы, тәртіпсіздік соқтығысу және революция).

Қазіргі кезде халықаралық саясатта жаһандық көлемдегі билік эрозиясы басты максат болып табылады.

Жаһандық дағдарыстың күші – бұл саяси дағдарыстың үрдісі. Елдер ЮНЕСКО-дан шығып, БҰҰ-ға төлем төлеуден бас тартуда. Елшілік ұйымдары құлға алынуда. Үкіметтің айтуы бойынша халықаралық келісімдер мен халықаралық құқықтарды қадағалау олар үшін міндетті деп саналмайды.

Саяси институттар шын ниеттіктің объектісі болуын токтатуда. Шіркеу, мектеп, жанұя, мемлекет – саяси күштің дәстүрлі бекіністері бұрынғы, бастапкыны қамтамасыз етуді жөн көрмейді.

Жалпы барлық мәселе «биліктің интериоризациясына» байланысты, яғни бұл жағдайда барлық сырткы критерилерді ішкі критерилер алмастырады. Осындай жағдайлар көптеген қатынастарда болып жатады. Билік қатынасында, жүйелер арасында бір бірлестіктен екінші бірлестікке ауысу жиі болып тұрады. Егер осындай жүйеден жүйеге ауысулар жиі болып тұратын болса, онда соңғы ауысудағы жүйе тұрақты болады. Бұл тенденцияның жүйелік құндылықтарын халықаралық ұйымдардан және ілемдегі жалпы козғалыстан байқауға болады.

10.2 Қазіргі әлемдегі елдердің егемендік эрозиясы

Қазіргі халықаралық саясатқа мемлекеттік егемендіктің эрозиясы тән. Кей кездерде бұл тұжырымдамаларды дүние жүзінде барлығы мойындағандай болып көрінеді. Алайда 90-ы жылдары халықаралық саяси шындық субъектінің және халықаралық жүйенің арасындағы қатынастар өзгерді.

Жаңы 90 жылларын барлығы лигимділік шиыршығынан өтті. Нақты сол жылдар халықаралық саяси-құқықтыққа не болды.

Ресей Федерациясы мен АҚШ-тың жетекшілері 1992 жылы ақпанда Кэмп Дэвид декларациясына қол қойды. 90 жылдары пайда болған халықаралық-саяси шындықтың пайда болуы халықаралық жүйелегі субъектердің қарым-қатынастарын өзгертті. Жаңа субъектердің қатынасымен бірге мемлекеттер арасында ішкі саясаттарына байланысты өзгерістер болып тұрды. Сонымен қатар бұл тәжірибеде біртіндеп саяси лигитимділікті игере бастады. 90 жылдары НАТО ұйымы сияқты күшті әскери күші бар, басқа елдердің өміріне араласу қарапайым ірекет деп саналды.



а) Дәстүрлі халықаралық қатынастардағы актерлардың өзара әрекеттестігі. Өзара әсер ету импульстары мемлекет-қатысушы егеменділігі қатынасының "сырткы сызбасында" тежелінеді.

б) Жаңа типтегі халықаралық қатынастардағы актерлардың өзара әрекеттестігі (XX г. соны мен XXI г. басы). Әсер ету импульсына мемлекеттер егеменділігі бөгет жасамайды.

I сурет – Дәстүрлі халықаралық қатынастар мен жаңа типтегі халықаралық қатынастардың субъектілері арасындағы өзара әрекеттестіктің графикалық сызбасы

Яғни осы кезде сырткы саяси байланыспен қатар, елдердің ішкі саясаты дипломатиялық байланыстың объектісі болды. Егер бұрын халықаралық қатынастар «сырткы контурдың» қатынасын ұсынса, ал 90 жылдары елдердің саяси қатынасы болды.

Бақылау сұрақтар

1. «Эрозияның» белгілі себептерін атап көрсетіңіз?
2. Күштің жаһандық дағдарысы деген не?
3. Мемлекеттік-орталық жүйенің күші неге негізделген?
4. Қандай халықаралық құжатқа 1992 жылы АҚШ пен Ресей Федерациясының басшылары қол қойды және оның негізгі мәні неде?
5. Күштің интериоризациясының мәні неде?

11 Халықаралық қатынастарға жаһандық байланыстардың әсері

11.1 Түрлі мемлекеттердің дамуындағы ақпараттық технологиялардың рөлі

Ақпараттық технологиялардың ықпалынан халықаралық қатынастар үрдісі өзгере бастады. Біріншіден, индустриялдықтан постиндустриялдық тәртіпке өту, мықты технологиялардың дамуымен байланысты. Көбінесе микроэлектроникалар, кенет әлеуметтің кыскартылуынан, экономикалық және саясат аракашықтығы жылдам көзкарастар ағымы, бейнелер, валюта мен ақпараттар, халықтың екіжақты тәуелділігінің әрекеттері, үрдістер мен болып жаткан жайттар көптеп кездеседі. Өткен кезеңде бір жерден баска жерге хабарламаларды жіберген кезде уакыт, күндер кажет болатын, ал тауарларды жеткізу, адамдарға және әскерилерге жұмалап және айлап жүруді кажет етті, әлеуметтік жүйелер өзінің параметрлік сипаттамасын, оның өзара өзгеруі мен кимылдарын өте ұзақ сактады.

Қазіргі таңда түрлі ақпараттар секунд ішінде өте жылдам жіберіледі, ал материалдық объектіні онымен коса әскери каражатты минут пен сагат ішінде жылдам жіберуге болады, ұлттық үкімет тиімсіз болуда, мемлекеттік шекараларға онай өтуге болады, ал жаһандық параметрлер күн сайын өзгеріс үстінде.

Екіншіден, жана технология мен халықаралық екі жакты тәуелділіктің өсуі әрекетінде трансұлттық мәселелер пайда болды. Сонымен катар. атмосфералық ластану, терроризм, есірткі сатушылық. валюталық, яғни каржы дағдарысы, АҚТҚ және т.б түрлері жатады.

Үшіншіден, мемлекет пен үкімет бүгінгі таңда өз саяси бағдарламаларын орындау киынға соғып отыр. Көптеген мәселелер ұлттық, мемлекеттік юрисдикция катарынан тыскары шығып жатыр. Сондай-ак. дәстүрлі сұрактар киын халықаралық компоненттерді құрайды. Әрекет шеңберіндегі халықаралық өзара тәуелділік пен жана ақпараттық технологиялардың каркынды түрде таралған шағында. соңгы он жылдыкта трансұлттық ұйымдар мен үкіметтік те , үкіметтік емес дәрежеде жаксы дамуды.

Міндетті орындаушылар БҰҰ ұйымы жүйесінде және маманданған агенттіктер, трансұлттық үкіметтік катынастар бүкіл әлем аймактары мен бүкіл адамзат кайраткерлік саласын алып жатыр. Соған карамастан трансұлттық ұйымның үлесі өсіп келеді, мемлекеттік юрисдикция тыскары шекте орналаскан әлемдік экономика саласының дамуына тән. «Еуропалық құрылым»

бірлестігінде өнімді микросызбасында мемлекетсіз фирма түрінде құрылды: Люксембургте тіркелген өзінің штаб пәтерін Германияда орналасқан, Оңтүстік Франциядағы зауыттар, ал Ұлыбританияда зерттеу бөлімшелері, сегіз мүшелердің басқаруы жеті мемлекетте көрсетіледі. Халықаралық қатынастарда ақпараттық фактор түсінігі карастырылған: бүгінгі таңда үлкен дәрежедегі жаңа электрондық технологияның арқасында, әлдекашан қарағанда шиеленісті сұрақтар объективті бақылаудағы зат өлшеуіші болып келеді, ал ақпараттың таралу мазмұнындағы шынайы фактілер, дәлелдеулер мен куәландырулер әлемдік саясатта негізгі құрал болып табылады.

11.2 Қазіргі әлемдік тәртіптің қалыптасуында дамыған логистиканың рөлі

Жаңа бағыттағы дәуірді өзін біртұтас әлемдік жүйенің өкілі ретінде көрсетуші, ығыстырылған өзара байланыстық пен тәуелділік жадында орналасқан барлық үлесі бүкіл жаһандық адамзат бірлігі едәуір ұлғайып жатыр. Әлемдік жүйе тұжырымдамасының бастамасын И. Валлерстайн 1974 жылы «Жаңа әлемдік жүйе» атты кітабында жария еткен, ол әлемдік империя мен әлемдік экономика жүйесін айырып танып білуді ұсынды.

Әлемдік империя – бұл әскери және саяси билікпен біріктірілген бірнеше территория. Оларға инктер Империясы, Александр Македонскийдің, I Дариянын, Напалоеннын, сонымен КСРО әлемдік империясы жатады, әр түрлі бастауларды яғни мадениеттік, әлеуметтік, экономикалық, зайырлылықты көрсетіп, территориясы жағынан ұланғайырлығы, білімнің тұрақсыздығы көрінеді. Олар зорлық негізде құрылып, жылдам құлайды.

Әлемдік жүйе екінші мыңжылдықтың бірінші жартысында құрыла бастады, сол кезде Европа, Азия және Африка жерлерімен үздіксіз қатынас орнатқан кез еді, кейін Америкамен қатынастар орнықты. Ол жерлерге теңізшілер, миссионерлер, көпестер, шенеуніктер ретінде келген еуропалықтар басқа материктерді құлдықта ұстады. Колумбтың Американы ашуына орай Ескі және Жаңа Жарықты мәңгі бақи қосқан еді. Испания мен Португалия жат елдердің алтыны мен күмісін иемденіп, құлдарды жинап, оларды құнарсыз пайдасы жоқ жерлерге ығыстырды.

Еуропалық территориялардан тыс жерлерді игерумен қатар экономикалық қатынастың жағдайы ғана емес, сонымен қатар бүкіл өмір жолы да қарастырылған. Егер бұрын, XVII ғасырда еуропалықтардың тағамын таза табиғи шаруашылық өнімдері құрайды, ол ауылшаруашылық құрлығы ішінде өсірілген. XVIII-XIX

ғасырларда тағамдар ассортиментіне бірінші кезекте жоғарғы топтағы мұқтаждыкка ие импорт тұрды. Суыкка төзімді тауардың ішіне қант өнімі жатады. 1650 жылдан кейін ол өнім тағамын жоғарғы тап пен орта тап та, кейін төменгі тап өкілдері пайдаланды. Құмшекерге деген сұраныс бойынша Африкадан әкелінген арзан енбек күші дамып жаткан плантациялык экономика үшін өте кажет болатын. Халыкаралык саудада құрлыктарды байланыстыратын құмшекер мен мақта ең негізгі зат болып есептелді.

XVII ғасырда екі сауда үшбұрышы туды: 1. Англияда шығарылған тауарлар Африкада, ал африкалык құлдар Америкада сатылды. Өз кезегінде американдық тропикалық тауарлар, көбінесе құмшекер де Ұлыбритания мен оның көршілес елдерінде сатылды. 2. Алкогольдык сусындар Англия жерінен кеме аркылы Африка құрлығына жеткізіліп отырды, африкандык құлдарды Кариб аралдарына көшірді, ал құмшекердің кара калдыктарын Жана Ұлыбритания жеріне алкогольдык сусындар жасау үшін жіберіп отырды. Африкандык құлдар еңбегі аркасында американдыктардың байлығы өсіп отырды, оның негізгі үлесі Еуропаға қайтарылып отыратын. Құлдардың еңбегімен өсірілген тағамдар Еуропада пайдаланылды. Бұған Бразилиядан кофе, краска, құмшекер мен тәтті тағамдар, АҚШ-тан мақта мен алкогольдык сусындар кіреді.

Осыдан кейін «Әлемдік капиталистік экономика» бір жакты әлемдік жүйе деген ұғым пайда болды. Қазір осы жүйе жекеленген елдердің дамуының ағымын реттейді.

Әлемдік экономикалық жүйе – бұл біріктірілген экономикалық байланыстардың территориялдық және елдік жиынтығы.

Әлемдік экономикалық жүйе бес жүз жылдық тарихы бар әлемдік экономикалық жүйенің жоғарғы және соңғы формасы. 60-80 жылдары әлемдік экономикалық жүйесіне социалдық лагерьлерді жаткызуға болады. XX ғасырда оның құрамына КСРО, Куба, Румыния, ГДР, Югославия, Польша, Болгария, Венгрия, Вьетнам енді. Осы елдерде өзара баскару бірлестігі болған емес, әр ел өзін егемен мемлекет ретінде санады және соған сәйкес жеке империясы болмады. Бірақ олардың арасында 1949 жылы құрылған халыкаралык енбек бөлінісі, кооперация мен экономикалық айырбас пайда болды. Экономикалық өзара көмек Кенесі құрылды. Кейбір акпарат көздері бойынша Батыс Еуропада Еуропалық Кенес құрылды.

Сонымен, екі түрлі формадағы жүйені айырып карастыруға болады: әлемдік империя, яғни көптеген территориялар, саяси

байланыста косылған бір мемлекеттік бөлім. Және те әлемдік экономикалық жүйелер. олар экономика жағынан дамыған елдер.

Әлемдік жүйе теориясы бойынша американдық зерттеуші И. Валлерстайннын 1930 жылы жасаған еңбектері көп атақ алды 1994 жылдан бастап Халыкаралық социалдық ассоциацияны баскарған.

Осы теорияның негізгі мәні мынадай:

- жаңа бағыттағы капитализмдегі экономикалық ұйымдар ұлттық негіз емес жаһандық болып табылады:
- әлемдік жүйе экономикалық және саяси орталықтан тұралы:
- ол орталық индустриялдық жүйе ретінде дамиды.

1980 жылдары И. Валлерстайннын теориясы казіргі таңда дамытылып реттеледі. Ядролық әлем жүйесіне постиндустриялды мемлекеттер жатады, оны үш негізгі орталық ретінде көрсетуге болады. Олар: АҚШ және Канада, Батыс Европа, Жапония. Ол мемлекеттер ең жоғарғы дамыған ресурстық, энергиялы және еңбек өнімді елдер болып табылады. Перифериняны индустриялы елдер ягни, Ресей, ТМД мемлекеттері, сонымен катар Қытай елдерінен көруге болады. Көптеген жана технологияларға карамастан ол өз бетінше жұмыс жасамай, жоғарғы дамыған деңгейлі бірінші топтарлағы елдерден табылады.

Перифериялық елдер дәстүрлі индустриялдық және индустрия алды өнімдердің Латын және Орталық Америка, Азия мен Африка сиякты дамыған елдер жатады. Ұлттық экономика үшін бұл елдердің технологиялық акаулық пен төменгі еңбек өнімі іспеттес.

Дәл осы ретте өзара байланыс әлемдік жүйенің элементтері өзгерістерді өткерген. КСРО-ның құлауына орай өткен ұлы Батыс пен Шығыстың карсы тұрушылыкка ауып кетті. Бүгінгі таңда жаһандық әлемнің бөлінуінің негізі Солтүстік пен Оңтүстік экономикалық жер құрылымы болып табылады. Яғни, бұл жерге, дамыған өндірісті Солтүстік елдері мен жеріміздің дамушы Оңтүстік елдері кіреді.

Солтүстік пен Оңтүстік елдері дамуының деңгейіндегі ауытқушылық халыкаралық біркалыптылық емес көзі болып табылады. Немесе әлемдік ресурстардың тепе-тендіксіз орналасуы мемлекеттердің жактартпаушылығын шакыртады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, Солтүстік пен Оңтүстік модельдері жаңа әлемдік кеңістікте барлық ауыртпалыктарды байкатпайды. Ресейлік ғалым А. И. Неклесстың айтуынша жаңа бағыттағы әлем моделі гексагондык сипатты білдіреді. Онын құрамына мынадай аймактар кіреді: Солтүстікантлантикалық, Тынык мұхиттык, Еуразиялық және Оңтүстік, сонымен катар екі трансұлттық кеңістіктер «Жаңа Солтүстік» (ТҰК пен халыкаралық ұйымдар) және

«Терең жатқан Оңтүстік» (мафиоздық және криминалдық қоғамдастықтар).

Осы жаһандық ұйым орталықтардың арасындағы ашық бәсекелестіктің ұлғаюы елдер мен халықтар арасындағы келіспеушіліктердің формасы қарама-қайшылықтың қайнар көзі бола алады. Басқа теориялық кестелер бойынша қазіргі таңдағы әлем гомогендық болып көрінеді, ол сол себептен бірізді экономикалық қалыптасу, саяси және мәдениеттік кеңістіктің негізгі түрінде болады. Кейбір ғалымдар, нақтырақ айтсақ, Ф. Фукуяма және т.б. осы үрдістерді батыстық құндылықтардың таралуымен, институттармен, өмірдің бейнелік моделімен, компьютерлік ақпараттық технологиялардың дамуымен байланыстырады. Американдық футуролог Э. Тоффлер айтуы бойынша: компьютерлік және ақпараттық өркениеттің орнауында мынадай контурлар бар:

- ақпараттық немесе жайлы технологиялар;
- өзінің мәнін жоғалтатын топтардағы демассифицириялық қоғам;
- антиципарлық (яғни мақтан етушілік) демократияны, қоғамдық өмірге қатысушы азаматтарды қамтамассыз ете отырып;
- трансұлттық институттар, жаңа кезеңнің жаһандық мәселелерін шешу.

Өз кезегінде канадалық әлеуметтанушы Г. Маклауэн технологиялық революцияны ақпараттық-компьютерлік негізінде әлем «жаһандық ауыл» болып келеді деген көзқарасты қалыптастырды.

Жаңа кезеңдегі жағдайда әлемдік қоғамның орналасуының түрлі жобалары шығарылады. Көбінесе олар жаңа әлемдік тәртіппен байланысты.

Соған қарамастан, басқа талдаушылар (аналитиктер) мен сарапшылардың айтуы бойынша, бұл үрдістер экономика жағынан дамыған және саяси беделі бар елдердің бақылауында өту керек деген, ал басқа эксперттердің пайымдауынша, халықаралық ұйымдар мен институттарға негізгі шешуші рөлді аударып жібереді. Қандай да жағдай болмасын жаңа әлемдік тәртіпте сақталған ұлттық және мәдениеттік өзіндік тұрмыстық халықпен, мемлекеттік егемендік құмәндық тугызбау қажет.

Ең негізгісі транспорттық дамушы жаһандылық мәніне ие болды.

Жаңашылдық осы ортада үлкен дәрежеде кеңістік пен алшақтықтықты өсіруге қабілетті, мемлекет өзінің әскерін тарата алады.

Әлемдік саясаттағы теңіз державалары ең бірінші басты роллерде теңіз жүзушілері мен теңіздік катынастарын дамуын көрсетіп шығарлы.

Атап айтканда, теміржол транспорттары, көліктері мәнді дәрежеде құрғак жолды империялардың пайда болуына себеп болды. Яғни, АҚШ, Ресей елдері сиякты. Авиацияның пайда болуы мен дамуы әлемдік когамда геосаясаттық құрылымда мүлтіксіз мәнді ешзіді. Физикалық кыындыктан өту амалы тиімді бола отырып тау, теңізбен, мұхиттармен және т.б. әскери және саяси жоспардағыны авиация жойып жіберді. Нәтижесінде соңғы он жылдыкта ғылыми-техникалық прогресте әскери және саяси теңіздік және құрғакты жерлер державасының карсылық көрсетушілік біржолата токтатылды, сонымен катар, ұлттық және мемлекеттік кауіпсіздіктің әртүрлі түсінушілігі өзгерді. Қаламбасушы ядролық кару-жарактану мен жер шарының кез келген жеріне оларды жеткізу карастырылды, сол елдің географиялық жоғалып кетушілігін максат тұтты.

Бос калмаған территориялар мен кеністіктердегі ұйыкталған геосаяси кеністіктегі барлық байланысып косылған елдер жаңа жаһандық геосаясаттық тобы топтастырылды: аймактарға бөлінуі, аймактық одактар, каншалыкты казіргі заманғы әлемде мемлекеттердің өзара іс-әрекеттері мен өзара тәуелділігі аймактық қана емес макроаймактық та, сонымен катар жаһандық мінезге ие болды.

Сонымен, корытындылай келе, егер бұрын геосаясатка сипаттама бере отырсак Р. Гаркавидың айтуына карап, бүкіл әлемарлық саясаттың бірлесе жасасқан іс-әрекет империялық кажеттілік пайда болған кезде картографиялық негізгі халыктың байланысының бейнесін байкауға болады.

«Гео» сөзінің мағынасына «геосаясат» деген сөз енді, тек қана географиялық немесе саясаттағы кеністікті-территориялы аспект деген мағына бермей, бүкіл әлемарлық масштабтар, параметрлер және де өлшемдер, жалпылай алғанда тәртіп пен тәртіп нормалары, сонымен катар жеке мемлекеттердің халыкаралық жүйесі, одактар мен блоктары.

Бақылау сұрақтары

1. Акпараттық құралдардың халыкаралық катынастарға әсер ету параметрлерін атаңыз.

2. Канадалық ғалым Г. Маклауэннің пікірінің кыры неде?

3. «Жаңа әлемдік тәртіп» терминін калай түсінесіз? Оның ерекшелігі неде?

4. И. Валлерстайн ұсынған әлемдік жүйе теориясының негізгі ережелерін атап беріңіз.

5. Әлемдік жүйенің екі формасын атаңыз және оның мазмұнын анықтаңыз.

12 Жаһандық басқарудың жаңа моделі

12.1 Әлемдік саясаттағы жаһандық басқару проблемалары

Басқару проблемалары, басқаруға икемділік жаңа орталық жаһандықтың болмысы болып табылады. Жаһандық басқару үрдістерінде бірінші кезекте БҰҰ үлкен дәрежеден орын алып тұр, яғни оның беделі мықтылығымен көрінеді. БҰҰ-ның беделінің қандай да бір жоғарылауының маңыздылығы мен тиімділігі жеткіліксіз. Басқарудың тиімділігін басқару органдарынсыз елестету өте қиын.

Жаһандық басқару бұл ең алдымен, территорияларды емес, үрдістерді басқару, басқару ұлттық мемлекеттердің орнына емес, олармен бірге жүреді. Мемлекеттік институттардың мықтылығы тұрақтылықтың және әлемдік тәртіптің басқарылушылығына маңызды жағдайлар жасалады.

Кейбір ұлттық қызметтердің шектелген құрылымдары бар. Бұл, біріншіден, көп жақты функционалдық институттар, Оған төмендегілер жатады:

- **БҰҰ-ның Қауіпсіздік Одағы,** әлемнің және қауіпсіздіктің тірегі, берілген көмегі арқылы тиісті шешімдерді қабылдау.

- **Еуропалық Одақ**, біздің заманымыздағы қызықты ұлттық құрылым, еуропалық федерация жолындағы бүкіл қиындықтар осында айтылған. Еуропалық комиссия (орындаушы орган ол үкімет) және де Еуропалық парламент өзіндік мағынасында ұлттық органдардың билігін көрсетеді. Мұнда Еуропалық қорғаныс агенттігі құрылған, Еуропалық күштердің қорғанысы мен қауіпсіздігі қалыптасты.

- **Еуропа Кеңесі,** барлық еуропалық мемлекеттер кіретін (Белоруссиядан басқа) басқарудың мемлекетаралық саяси ұйым. Оның қызмет органдарына Министрлер Комитеті, Парламенттік Ассамблея (ПАСЕ), Халықаралық секретариат кіреді.

Екіншіден, ұлттық институттардың монофункционалдық топтары да баршылық:

- **Халықаралық сот** – БҰҰ-ның ең негізі соттық органы.

- **Гаагадағы Халықаралық қылмыстық сот** – осы келісім шарттың жасалуы 2002 жылы күшке енгізілді.

- **Гаагадағы бұрынғы Югославиялық халықаралық трибуналы** (1993 жылы бекітілген).

- **Арушадағы Руанде бойынша халықаралық трибуиал** (1994 жылы бекітілген).

Өзінің кызметі (функциясы) бойынша ұлттық және біліктілікке жакындай алатын тиімділіктің жоғарылауы максатында кенейетін халыкаралык ұйымдар бар. Мысалы, Дүниежүзілік денсаулык ұйымы (ВОЗ), Атомдык энергия станциясының халыкаралык ұйымы (МАГАТЕ), Әлемдік сауда ұйымы (ВТО), Әлемдік еңбек ұйымы (МОТ), Қылмыстык полтициясының халыкаралык ұйымы (Интерпол) және т.б.

12.2 Жаһандық басқару механизмінің теориясы

Әлемдік билік идеясын алғаш рет Данте Алигьери (1265–1321) «De Monarchia» трактатында ашып карастырды. Тағдыр туралы ойластыра келіп, ол мынадай корытындыға келген: екі билеуші арасындағы айтысты шешу үшін үшінші жактың араласуы кажет. Бірак, оған өзге күш. яғни жоғары билнк карсы тұруы мүмкін. Айкындап келгенде. адамзаттың әл-аукатын жаксарту үшін бірегей жоғары билік керек.

Әлемдік үкімет идеясына XVIII ғ. саяси ойшылдары көптеп назар аударды. Олар жалпы жаратылыс құқыктары тұжырымдамасын дамытты. Бұл идеяға деген кызығушылык XX ғ. соғыстарды туғызды. Аталмыш идеяны Фердинанд Тённис. Торстейн Веблен. Бертран Рассел, Альберт Эйнштейн. Андрей Сахаров және т.б ұстанды.

Әлемдік үкіметтің теориялык кызметтерін БҰҰ, халыкаралык каржылык институттар, «жетілік», НАТО және Құрама Штаттар жүргізді. Бірак. биліктің заңи кайнар көзі туралы мәселе тұрды.

Сондыктан да бұнымен катар мемлекеттердің әлемдік федерациясы идеясы дамыды. Оны алғаш рет Иммануил Кант ұсынды: «Мәңгілік әлем» трактатында (1795 ж.) егеменді ұлттык мемлекеттер соғыстар мен халыкаралык кактығыстарды жібермеуі керек деп айтылады.

Бұл идея XX г. 30 жылдарында пайда болған федералистік теориялар мен козғалыстарда көрініс тапты. Дүниежүзілік федералистер ассоциясын құрған түрлі ұйымдар пайда болды. Кейін ол «Дүниежүзілік федералистік козғалыс» деп аталды. БҰҰ Каулысына карсы дүниежүзілік конституция жобалары пайда болды: ең алғашкысы – 1948 ж. Жер Федерациясы конституциясы. және ондағаны пайда болды (мұндай жобалардың 150 жуык түрлері белгілі).

Өткен жүзжылдықтың 60 жж. соңында Сол Мендловиц пен Ричард Фолктің (АҚШ) жетекшілігімен әлемдік тәртіпті модельдеу бойынша халықаралық зерттеу жобасы (World Order Model Project) іске асты, мұнда Э. Араб-Оглы, И. Бестужев-Лада және т.б. қызмет аткарды.

Зерттеу жаһандық басқару формасын іздестіруге бағытталған.

С. Мендловиц, К. Ф. Вайцзеккер атты ғалымдар әлемдік үкімет идеясын қолдады, ал Р. Фолк сияқты ғалым бұл идеяны қолдамады. Соңғы ғалым «орталық бағыттаушы жүйе» (central guidance system немесе human guidance) тұжырымдамасын ұсынды. Эдвин Ласло өзін-өзін реттеуші әлемдік жүйе тұжырымдамасын ұстанды (World Homeostat System).

Бұл бағыттарды Рим клубының қатысушылары ұстанды. Соңғыларымен дәстүрлі көзқарастрдың шешімдері талқыланды. әлемдік қауымдастықты ұйымдастыру бойынша түрлі пікірлер айтылды. Рим клубының кеңесінің «Бірінші жаһанды революция» атты жалпы мәлімдемесінде XX ғ. басқару мен басқару тәсілдері туралы сөз қозғалды.

Жаһандық басқару мәселесі Социалистік ұлтшылдар көшбасшыларының назарын аударты: 1992 ж. Ингвар Карлссон (Швеция) және Шридат Рэмфал (Гайяна) жерлерінде жаһандық басқару мен ынтымақтастық комиссиясы құрылды; «Our Global Neighbourhood» (1995) атты мәлімдемелерінде әлемдік дамудың басқару идеясын сөз етті. Социнтерннің XXII конгрессі (Сан-Паулу, Бразилия, 2003) Декларацияны қолдады.

Жаһандық басқару құралдары өз кезінде Гельмут Шмидт құрған Өзара әрекеттестік мәлімдемесінде (1992) сөз етілді.

Ұсынылып отырған жаһандық басқарудың жобалары мен тұжырымдамаларына арнайы уақыт қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Ұлттық билікке тән белгілерді атаңыз.
2. Мемлекеттер дүниежүзілік федерациясы идеясын ұсынған кім?
3. «Жаһандық басқару» терминінің мәні неде?
4. Шектелген ұлттық қызметтері бар құрылымдарды атаңыз.
5. 1992 ж. қандай Комиссия құрылды? Оның пайда болу себебі неде?

13 Қазіргі әлемдегі халықаралық қауіпсіздік пен қару-жарақтарды бақылау мәселелері

13.1 Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі теориялық көзқарастар

Халықаралық қауіпсіздіктің астарынан халықаралық қатынастың жағдайлары түсіндіріледі, жалпылай алғанда әлемдік ұйымдардың тұрақтылығын қамтамасыз етілуіне орай олардың субъектілеріне соғыстың қаупі немесе т.б. жайттар, ягни егемендіктің болуы мен дамудың тәуелсіздігіне қауіп тудырылмайды дегенді түсіндіреді.

Әлемдік ұйымдарды мемлекеттер мен халықтардың, әр мүшенің мүддесі бірлескен немесе баска мүдделермен шектелген болған кезде күрделі жүйесі ретінде карастыруға болады. Кез келген максатта доминантты кездерде шек коюшы ретінде қауіпсіздік шығады.

Сол себептен әр әлемдік ұйымдардың мүшелері ішінен өздеріне бос әрекет пен қауіпсіздіктің арасындағы балансты карастырады. Қауіпсіздік субъектілері халықаралық аренада сәйкесінше өздерінің максаттарымен және де мүдделерімен әрекеттер жасайды.

Заннамада мемлекеттерде максаттар мен мүдделердің накты аныктамалары жок, бірак саяси тәжірибеге олар әрдайым катысып отырады.

Кооперативтік шешімдерді қабылдау теориясы бойынша, салыстырмалылыктың екі үйлесімділік түрі бар. олардың негізіне жалпы, карсылыксыз және колайлы оның мүшелері үшін нұскалар эгалитарлык (күштердің теңдігі мағынасында) және утилитарлык (белгілі превалировалык күштері барлык елдердің жаһандык мүдделері магынасында жатады). Әлемдік ұйымдардың мүшелері БҰҰ жарғысы сәйкестігіне орай халықаралық қауіпсіздіктің камтылуына эгалитарлык үйлесімділікті ұстану міндетті.

Алайда басты мемлекеттер әрдайым өз қауіпсіздігін жоғарғы деңгейде сактайды, ал әлемдік ұйымдардың калған мүшелерінің қауіпсіздігі мен халықаралық қауіпсіздіктің колайлы дәрежесін камтамасыз етуге рұксатын береді деп ұғынады.

Әлемдік қауымдастык эгалитарлык және утилитарлык үйлесімділіктің арасынан бір мәмлеге келуді іздейді.

Халықаралық қауіпсіздіктің колайлы дәрежесі сакталған жағдайда осы үйлесімділіктің амалдары қауіпсіздік мүшелерінің деңгейлері жакындаскандағы үрдістері бойынша кызмет жасай алады.

Қауіпсіздікті камтудағы кез келген бірлескен іс-әрекеттің өз мән-мағынасы бар: Егер де қауіпсіздіктің әр дәрежесі,

қауымдастықтың мүшелері оған қарамастан жоғары болған жағдайда ол кооперациясыз жұмыс жасар еді.

Суық соғыстың аяқталуына байланысты әлемде жаһандық кезеңнің ыдырауы басталды, ол кезде АҚШ мемлекеті өзінің демократиялық кеңістігін кеңейту тұжырымдамасына көшкенде кезде жаһандық үрдістермен әлемде беталыстың оқшаулылығына көшті. Осы беталыс АҚШ-тың жаңа доктриналдық үйлесімділік іс-әрекетін күшейте түсті. Сонымен қатар, өз кезегінде олардың саяси жолын өзгертуге мәжбүр етті.

13.2 Халықаралық қауіпсіздіктің әскери-саяси аспектілері

Қауіпсіздік жүйесі өзіне әсери-саяси, экономикалық, гуманитарлық және экологиялық салаларды енгізеді. Әр саланың ерекшеліктері мен қарастыратын проблемалары болады.

Әлемдік қауымдастық мүшелерінің қауіпсіздік шараларын іске асыру мақсатында қалыптасқан халықаралық жүйені өзгертуге немесе саяси бағытқа түзетулер енгізу қажет.

Нәтижесінде халықаралық жүйенің динамикалық өзгерісі пайда болады.

Мемлекеттер саясатының күштік параметрлері халықаралық қатынастардың негізін құраушы ретінде қала бермек. Халықаралық қатынастарда екіполярлықтың құлдырауына байланысты күштік факторлардың қызметі жойыла бастады.

Бұнымен қоса, XXI ғ. бұл компоненттің рөлі мен мәні ұлғая түсті. Қайткенмен, соңғы онжылдықты жанжалдарды күштік әдістермен шешу (Чадедағы Ливия, Эфиопиядағы Сомали, Кувейтегі Ирак және т.б.) сәтсіздікке ұшыратты.

Саяси салада халықаралық қауіпсіздіктің санатына күшті факторлар әсер етеді, Олар: қазіргі әлемнің жуықтық тұтастығы, мемлекеттердің өзара байланысы, көптеген елдердің бейбіт саясаты; халықаралық, аймақтық және ұлттық демократиялық қозғалыстары мен ұйымдардың қызметі; Шығыс пен Батыстың арасындағы «суық соғысты» доғару, олардың арасында қалыпты қатынастарды орнату.

Әскери салада бұрынсоңды болмаған өзгерістер орын алды: Ядролық соғыста саяси мақсатқа жету мүмкін емес екендігі анық болды. Ядролық соғыс саясаттың рационалды құралы ретінде қарастырылуы тоқтатылды. Әскери саладағы өзекті мәселелерге ядролық қаруды жою, ядролық соғыстан бас тарту, әскери бюджетті қысқарту жатады.

Ғылыми-техникалық прогрестің жаһандануында болып жатқан өзгерістің бірі – түрлі компоненттегі қарулардың шығарылымын

кыскарту. Бұл жүйеде болып жаткан терен дағдарыс осы кезенге сай келді. Бұл Үндістанға, Пәкістанға, ядролық каруы бар Солтүстік Кореяға, Иранға және т.б. катысты.

Ядролық-космостық ғасырда халықаралық қауіпсіздікті әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Бұл көзқарастар «жаңа саяси ойдың» ағымында көрініс тапты.

Бақылау сұрақтары

1. «Халықаралық қауіпсіздік» термині нені білдіреді?
2. Қауіпсіздік жүйесі өзіне қандай салаларды енгізеді?
3. Шешімдерді қабылдау теориясына сай нұсқаларды салыстыру мен таңдауға қандай көзқарастар бар?
4. Ғылыми-техникалық прогрестің жаһандануында қандай іс-әрекеттер бар?
5. Халықаралық қауіпсіздікке әсер ететін факторларды атаңыз.

14 XX және XXI ғасыр шенберіндегі ЕО елдерінін саяси және экономикалық дамуы

14.1 Еуропалық идеялардын тарнхы мен ЕО-ның негізгі тармақтары

Еуропалық Одақ – бұл «еуропалық халықтардың тығыз одағын құруды» максат тұткан интеграциялық ұйым (Еуропа Одағы туралы Келісім, I бап).

Робер Шуман (Францияның сырткы істер министрі) 1950 ж. 9 мамырында Жан Мане ұсынған идеяны колдады, Өткен күні ғана бір бірімен арпалыскан мемлекеттер бір билік, яғни «жогарғы билік» астына кіруі керек. Мұндагы соғыс біртіндеп түсіністік пен бейбітшілік құралына айналды.

Сол кезде алты мемлекет-катысушы нарық, тауарлар мен кызметке нагізделген Еуропалық экономикалық кауымдастык (ЕЭК) құруға бел байлады. Аталмыш алты мемлекет арасындағы шекаралық пошлындар 1968 ж. 1 шілдесінен жойылды, ал 60 ж. бастап сауда мен ауыл шаруашылык саласында жалпы саясат енгізілді.

Бұл Дания, Ирландия және Ұлыбритания үшін сәтті қадам болды. Қатысушыларды алтыдан тоғызға дейін өсіру 1973 ж. іске асты. Осы уакыттан бастап Қауымдастык әлеуметтік, аймактык және табиғатты корғау саясатында жана міндеттерді аткара бастады. Аймактык саясатты іске асыру максатында 1975 ж. дамудын Еуропалык аймактык коры құрылды.

1979 ж. Еуропалық валюталық жүйені енгізгеннен бастап мемлекеттер өзінің қатал ішкі саясатын жүргізе бастады.

